ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СӘРСЕНБІ
№126 (3983)
25.08.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Көшелі елдің көшеті қурамауы қажет

Үкімет Президенттің тапсырмасы бойынша 5 жыл ішінде елде 2 миллиард түп ағаш егуі тиіс. Экология министрлігі аймақ басшыларымен тізе қоса отырып, әр өңірде қанша ағаш егілетінін нақты анықтап, іске кірісіп те кетті. Алайда бұл ғаламат ізгі бастама қоғамды қуанышқа бөлей алмады, тіпті назардан тыс қалғандай. Оның орнына биылғы жаз бойы халық өсіп тұрған ағаштардың аянышты халіне алаңдаумен болды.

ЖАП-ЖАҚСЫ ЖОБАНЫ ШАБАН ҚАРҚЫН ҚҰРТАДЫ

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі соңғы Жолдауында Үкіметке 5 жылда мемлекеттік орман қорында – 2 миллиард, ал елді мекендерде 15 миллион ағаш егуді жүктеді. Бұл елімізді көгалдандыру және орманданду ауқымын күрт кеңейтуге септігін тигізуі тиіс. Яғни, республиканы кең ауқымда жасыл желекке бөлеу бойынша тарихи науқан қолға алынды.

QazEcoTech Ltd ЖШС бас директоры Ұлықбек Сұлтанның дерегінше, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі облыс әкімдіктерімен бірге осы бағытта тиісті жұмыстарды жүргізіп отыр.

«Олар әрбір өңір бөлінісінде ағаш отырғызу көлемдерін анықтап та қойды. Нақтылай кетсек, әкімдіктердің табиғат қорғау және орман қорғау мекемелерінің күшімен бастапқы кезеңде жалпы ауданы 464 мың гектарды құрайтын территорияда 1,1 миллиард түп ағаш егу жүзеге асырылады. Жаңа орманның ең көп көлемі Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының жерінде отырғызылмақ. Бұл ретте ағаштардың үлкен бөлігін сексеуіл құрайтын болады. Ол негізінен Арал теңізінің құрғап қалған түбінде егіледі. Қазақстанның орталық өңірлерінің басым көпшілігінде қарағай, шырша, аққайың секілді орман түзуші ағаш түрлері егіледі», – деді сарапшы.

6 ▸▸

Биші бейнеті зор, зейнеті қор

Балетке бишілер ерте жастан қатысады. Әрі олардың сахнадағы дәурені де өте қысқа болады. Өйткені денелері қатпай тұрғанда сахнада емін-еркін билей алуы мүмкін. Олар жасы келіп, қартайғанша билеп жүре алмайтыны анық. Оның да себебі бар: әр би оңайлықпен келмейді. Қаншама жаттығу жасайды. Арасында құлап, жарақаттанып та қалуы мүмкін. Оның үстіне денсаулығы да сыр бере бастайды. Барлығы бірдей мұғалім бола алмасы белгілі. Сонда не істемек?

Рас, қазір елімізде балет мектептері көптеп ашылып жатыр. Олардың көбі балет ұстазы қызметін атқаруы мүмкін. Болмаса, бишілер шәкірт тәрбиелеп, жеке мектеп ашатын шығар. Бірақ зейнет жасына дейін сахнада жүре ала ма?

БИШІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӘСІБІ – БИ

Өнертану ғылымының кандидаты, профессор Тойған Ізім бишілердің ұзақ уақыт сахнада жүре алмайтынын айтып отыр. Ғалым: «Бір кездері биші, балет әртістерінің зейнет жасын өзгерту туралы ұсыныс көтерілген. Бірақ ол ұсыныс күйінде ғана қалды. Себебі әнші, вокалистер, музыканттар, цирк әртістеріне де зейнет жасын қайтару керек болады деп, заңға өзгеріс енгізген жоқ. Бірақ 20 жыл еңбек өтілі болса, оның жұмыстан шығуына болады. Яғни, белгілі бір пайызда еңбекақы төленеді екен. Оның өзі болар-болмас ақша, яғни 30 бен 60 мың теңгенің арасында ғана. Ұзақ уақыт сахнада жүрген бишілерге обал болды. Тізең басылмайды, бел ауырады. Омыртқа орнынан қозғалады. Менің мойын омыртқам қозғалып кеткен. Көп бишілер омыртқадан жарақат алып қалады», – дейді.

5 ▸▸

«Бәйтерек» тұрғындары мектепке зәру

Осыдан он шақты жыл бұрын тұрғын үй салу үшін жер кезегіндегі азаматтарға Қызылорда қаласынан инфрақұрылымы тартылған жер үлестіріліп, «Бәйтерек» атты жаңа шағынаудан пайда болды. Сонымен қатар осы ауданға «Өтемұратов» қайырымдылық қоры арқылы 100 үй тұрғызылып, пәтер кезегінде тұрған көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты аналарға уақытша пайдалануға берілген.

7 ▸▸

Көңіл айтты

Нұрсұлтан Назарбаев академик Нәдір Нәдіровтің отбасы мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Елбасы көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Нәдір Кәрімұлы Нәдіровтің қайтыс болғаны туралы суыт хабарды күйзеліспен қабылдады.

«Нәдір Кәрімұлы саналы ғұмырын мұнай ғылымы мен инженерлік саланы дамытуға арнап, кәсіби биік белестерді бағындырды және ғылыми қоғамдастық тарапынан кеңінен мойындалды. Ол шебер ұйымдастырушы әрі беделді ұстаз ретінде ғалымдар мен педагог мамандардың тұтас буынын тәрбиеледі. «Барбанг» Қазақстан күрдтері қауымдастығының құрметті президенті кезінде еліміздегі қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты нығайтуға зор үлес қосты», – делінген жеделхатта.

Жауапкершілік кімге жүктелген?

Қазір церебральды сал ауруымен ауыратын адамдардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Медицина мамандары бұл ауру түрі көп жағдайда құрсақта дамыса, кейбір кездері жүре пайда болатынын айтады. Сол үшін дәрігерлер экологиядан бөлек, жоспарсыз жүктілік пен ерлі-зайыптылардың денсаулығына немқұрайды қарауынан туабітті сал ауруымен дүниеге келетін нәрестелердің саны артып отырғанына алаңдаушылық білдіреді. Ал осындай ауыр сырқатпен ауыратын ересек адамдарды әлеуметтік қолдау қалай жүріп жатыр? Жұрт қатарлы білім алып, жұмыс істеуіне қандай мүмкіндік бар?

Медицина тілімен атасақ, церебральды паралич – дене қозғалысының үйлестірілуіне әсер ететін ми бұзылыстарының тобы. Яғни, балаларда бұл ауру түрін «церебральды паралич» десе, 16 жастан асқаннан кейін жүйке жүйесінің бұзылулары диагнозы қойылады. Өкінішке қарай, әлем елдерінде сал ауруына шалдыққан жандарға жәрдемдесу үшін түрлі технологияны шығарып, мың түрлі ем ойлап тапқанымен, жүз пайыз аяқтан тұрғызуға медицинаның өзі дәрменсіз.

УАҚЫТ ОЗДЫРМАЙ ОТАҒА ЖІБЕРУ КЕРЕК

Бүгінде республикалық оңалту орталықтарынан бөлек, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жекеменшік оңалту орталықтары жұмыс істейді.

(Жалғасы 5-бетте)

Есірткі есті алып барады

Қазір интернет технологиялардың дамуына және синтетикалық есірткілерге сұраныстың тым артуына байланысты есірткі саудасы түрлене түсуде. Бұл бір жағынан есірткінің заңсыз айналымында жаңадан психобелсенді заттардың пайда болуымен де тығыз байланысты. Сауданың басым бөлігі интернет дүкендер, әлеуметтік желілер, киви-әмиян сияқты қосымшалар арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде аноним Telegram каналдар арқылы тарату қатты белең алып отыр.



810-НАН АСТАМ САЙТ БҰҒАТТАЛДЫ

Осы орайда ішкі істер органдары интернет кеңістігіндегі құқыққа қайшы контенттерді бұғаттау мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Анықталған интернет ресурстарға серверден ішінара ағыту түрінде шаралар қолданылуда. Нәтижесінде, жүйе қолданушылары олардың қызметтеріне қол жеткізе алмай қалып, көптеген клиентінен айырылған мұндай «онлайн саудагерлердің» беделіне нұқсан келеді екен. Бұл мақсатта Ішкі істер министрлігі «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесін енгізген болатын. Бүгінде есірткіні тарату мақсатын көздейтін аккаунттар мен басқа да ресурстарды бұғаттау бойынша жұмыстар жалғасуда. Қазір олардың саны 810-нан астам сайтты құрайды.

6 ▸▸

Мүгедек қайтіп күн көрер?

2015 жылы Қазақстан мүгедектердің құқығы туралы конвенцияны ратификациялаған болатын. Оның талаптарына сәйкес, жарымжан жандар үшін барлық ғимарат пен көлік қолжетімді болуы тиіс. Шын мәнінде солай ма? Солтүстік Қазақстан облысындағы жағдайға үңіліп көрдік.

Мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін жасау – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. 2012-2018 жылдар аралығында елімізде мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі үш кезеңдік іс-шаралар жоспары іске асырылды.

7 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Ел ғарыштан ұшқыр интернетпен қамтылады

Қазақстанда OneWeb спутниктік интернеті өрістетілуде. Ресми мәлімет бойынша, ол шалғайда жатқан ауылдарға дейін кеңжолақты интернетті қолжетімді етуі тиіс. Бұл ғаламат жобаның алғашқы жетістіктерін паш ету алдағы қыркүйек айында басталады деп күтілуде.

Айхан ШӘРІП

Елдар КАБА (сол.)

Осы мақсатта 2021 жылы 22 тамызда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 04.13-те Байқоңыр ғарыш айлағының 31 алаңындағы «Союз» ұшыру кешенінен OneWeb ғарыш аппараттары көк сеңгіріне жол тартқан болатын. Нәтижесінде, «Союз-2-1б» зымыран тасығышы OneWeb-тің бірден 34 ғарыш аппаратын ғарышқа шығарды. Ұшырылуы штаттық режимде өтті.

Бұл – жалпы OneWeb бағдарламасы бойынша тоғызыншы және Байқоңыр ғарыш айлағынан үшінші ұшырылым болып отыр. Ғарыш аппараттардың мақсаты – жердегі тұтынушыларды спутниктік ғарыштық байланыс арқылы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету.

Спутниктерді еуропалық аэроғарыш корпорациясы Airbus Defence and Space жасады. Тапсырыс беруші – OneWebSatellites компаниясы. Оларға Қазақстан бюджеті қаражат салмаған.

Әрбір құрылғының салмағы шамамен 150 келі. Олардың әрқайсысы екі күн батареясымен жабдықталған. Қызмет ету мерзімі – 5 жыл.

Осылайша, қазір жердің төменгі орбитасындағы OneWeb спутниктерінің шоқжұлдызындағы ғарыш аппараттарының жалпы саны 288-ге жетті.

Бірақ бұл жаһандық жобадан Қазақстан да қалыс қалмайды. Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық ғарыш орталығының алаңында OneWeb компанияның жабдықтарын орнату және күйіне келтіру жұмыстары аяқталып қалды.

Онда өткізу қабілеттілігі жоғары және сигналдың кідірісі төмен болатын кеңжолақты байланыстың геостационарлық емес спутниктік жүйесін қолдану бойынша OneWebDemo-ның демонстрациялық тест-сынақтары жүзеге асырылатын болады.

OneWebDemo жобасын 2021 жылдың 9 сәуірінде Байқоңыр қаласында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум аясында «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ және «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының қолдауымен OneWebKazakhstan Ltd компаниясы жүзеге асыруда. Ірі жобаны іске асыруға Цифрлық даму министрлігі ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді.

OneWebDemo демонстрациялық науқанының басталуы 2021 жылдың қыркүйегіне жоспарланып отыр. Бұл жоба қазақстандық мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың, телекоммуникациялық компаниялардың, еліміздің және Еуразия өңірі елдерінің цифрлық қауымдастығының қызығушылығын туғызды.

Бұдан бұрын Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин Қазақстанда OneWeb-тің спутниктік интернетінің жобасы Қазақстанда да іске қосылатынын хабарлағантын. Оның айтуынша, OneWeb технологиялық мүмкіндіктерін орталықтан алыс жатқан ауылдарды интернетпен қамту үшін пайдалану жоспарланған. Бұл технологияларды Қазақстан аумағында тестілеу OneWebDemo пилоттық жобасы аясында жүргізіледі.

Дүниежүзінде ірі байланыс операторлары сыртында спутниктік интернет қызметін ұсынатын алпауыт провайдерлер бар. Мысалы, Илон Маск Starlink жаһандық спутниктік жүйесін өрістетіп жатқаны белгілі. Ал OneWeb соның аса ірі және терезесі тең бәсекелесі саналады. Биыл Б.Мусин OneWeb-тің CEO басшысы Нил Мастерсонмен онлайн кездесу өткізді. Оның барысында OneWeb технологиялық мүмкіндіктерін Қазақстан игілігі үшін пайдалану перспективаларын талқылаған. Сондай-ақ ол технологияларды біздің елімізде бірлесе тестілеуден өткізуге уағдаласыпты. Нәтижесінде, OneWebDemo пилоттық жобасы өмірге келді.

«Ол қиындағы ауылдарға дейін кеңжолақты интернет жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар арқасында байланыс барлық дерлік жерде болады. OneWeb компаниясының негізін Google-дің бұрынғы қызметкері Грег Уайлер қалаған. Қазір олар төмен орбитальді спутниктер арқылы бүкіл әлемді жоғары жылдамдықты интернетпен «жабуға» кірісіп жатыр. Бұл – олардың миссиясы. Ал біздің миссиямыз – барша қазақстандықтың қолын ұшқыр әрі қолжетімді интернетке жеткізу», – деді министр Бағдат Мусин.

Эпидемиологиялық ахуалдың үш сценарийі

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайдың үш сценарийін болжады.

«Министрлік эпидемиологиялық жағдай болжамын қарашаға дейін жаңартты. Сонымен, пессимистік сценарий бойынша қыркүйекте тіркелетін жағдайдың орташа тәуліктік саны – 6 300 жағдайға дейін, қазанда 2 400 жағдайға дейін болады. Шынайы сценарий бойынша, қыркүйекте – 5 300 жағдайға дейін, қазанда – 1 800 жағдайға дейін. Оптимистік сценарий бойынша, қыркүйекте – 4 200 жағдайға дейін, қазанда күніне 1 300 жағдайға дейін», – деді Цой Үкімет отырысында.

Оның айтуынша, соңғы екі аптада инфекциялық орындар жүктемесі 12 пайызға төмендеген.

«Инфекциялық орындардың толуы – 49 пайыз, реанимациялық орындар – 46 пайыз. Ең көп көрсеткіш Ақтөбе облысында – 68 пайыз, Алматы қаласында – 61 пайыз және Алматы облысында – 59 пайыз», – деді Денсаулық сақтау министрлігі басшысы.

Н. ЕРЖАНҚЫЗЫ

Ұшқышқа – 4 миллион

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Bek Air ұшағы апатынан қайтыс болған ұшқыш Мейіржан Молдақұловтың отбасына 4 миллион теңге төлейді.

«Марқұм ұшқыш Мейіржан Молдақұловқа материалдық көмек көрсету үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылға арналған республикалық бюджеттен шұғыл шығындарға көзделген Үкіметтің резервінен 4 миллион теңге бөлсін», – делінген «Ашық НҚА» порталында жарияланған қаулы жобасында.

2019 жылдың 27 желтоқсанында Алматыдан Нұр-Сұлтанға ұшып шыққан Bek Air әуекомпаниясының ұшағы апатқа ұшырады. 12 адам қаза тапты, оның ішінде ұшақ командирі Марат Мұратбаев та бар. Зардап шеккендердің арасында екінші ұшқыш Мейіржан Молдақұлов та болды. Ол омыртқасынан ауыр жарақат алды, оған ота жасалып, 2020 жылғы 21 қаңтарда ауруханадан шығарылды. 28 қаңтарда ол үйінде өкпе тромбоэмболиясынан қайтыс болды.

Ж.НҰРЛАН

Ғарышкер коронавирус жұқтырды

Қазақстандық ғарышкер Тоқтар Әубәкіров коронавирус жұқтырып, Нұр-Сұлтан қалалық жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызылды. Бұл туралы Президент істері басқармасы медициналық орталығының баспасөз қызметі хабарлады.

«Науқастың айтуынша, алты күн ауырып, «Сумамед» препаратын өз бетінше қабылдаған, медициналық көмекке ауруханаға жүгінбеген. ПІБ медициналық орталығы ауруханасының мобильді бригадасының 23 дәрігері үйде кеуде сегментінің компьютерлік томографиясын жүргізді және талдау нәтижелері бойынша оны Нұр-Сұлтан қалалық инфекциялық орталығына емдеуге жатқызуға жіберді. Науқас ауруханаға жатудан бас тартты», – делінген хабарламада.

Науқасты тексергенде, жалпы жағдайы тұрақты, сатурация 95% көрсетіп, дене температурасы 36,6 градус болған. Сосын одан ПТР-тест алынды.

ПТР-тест нәтижесі бойынша Тоқтар Әубәкіровтің коронавирус жұқтырғаны анықталған. 24 тамызда таңертең ол Нұр-Сұлтан қалалық жұқпалы аурулар ауруханасына (орташа COVID-19) жатқызылған. Қойылған диагноз – екіжақты полисегментальді пневмония – КТ-1.

Гүл БЕКЗАТ

Жәрдемақыға қатысты жаңа заң

Келер жылы әлеуметтік шығыстар 515 миллиард теңгеге өседі. Оған жыл сайынғы индекстеу, зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың көбеюі, сондай-ақ мұғалімдер мен дәрігерлер жалақысының көтерілуі себеп болып отыр. Сол үшін Үкімет «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын мақұлдады.

Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуынша, заң жобасы халықтың әл-ауқатын жақсартуды және экономиканы біртіндеп қалпына келтіруді көздейді. Қазіргі болжам бойынша келесі жылы бюджетке түсетін қаржы 431 миллиард теңгеге ұлғаяды. Осылайша, жалпы көлемі 13 триллионға жетеді. Соның ішінде мұнайдан басқа салалардан алынатын түсімдерді барынша арттыру жоспарланған көрінеді. Ал мұнайдан түсетін ақшаны Ұлттық қорға көбірек салу қажет. Сондықтан қордан алынатын қаражаттың көлемі біртіндеп азаяды.

Осылай деген министр келесі жылы Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт 2,4 триллион мөлшерінде болады деп отыр. Ол біртіндеп 2024 жылы 2 триллион теңгеге дейін төмендейді. Ал трансферттерді есептемегенде республикалық бюджеттің түсімі 2022 жылы 9,2 триллион, 2023 жылы 9,7 триллион, ал 2024 жылы 10,4 триллион теңгені құрайды. Сондай-ақ министр бюджет тапшылығы 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің 3,3 пайызынан кезең-кезеңімен 2024 жылы жалпы ішкі өнімнің 2,5 пайызына дейін төмендейтінін жеткізді. Шығыстар келер жылы 577 миллиард теңгеге ұлғая отырып, 15,9 триллионды құрайды.

Ж.МҮСІЛІМ

Зейнеткерге 59 мың теңге төленбейді

Қазнетте «әрбір зейнеткерге 59 000 теңге мөлшерінде төлем төленуі керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті тапсырма берген» деген ақпарат кеңінен таралуда.

Бірақ бұл ақпаратты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жоққа шығарды.

– Азаматтарға мұндай хабарламаларды алаяқтар жеке аккаунттар мен банктік шоттарды иемдену үшін пайдалануы мүмкін екенін ескертеміз. Күмәнді сілтемелер бойынша өтпеңіздер және алаяқтықтың құрбаны болмас үшін жеке мәліметтеріңізді қалдырмаңыздар. Азаматтардан фейктерге назар аудармауын және тек ресми дерекқоздерден алынған ақпаратты пайдалануын сұраймыз, – деп түсіндірді ведомстводағылар.

Н.ЕРЖАН

136 млн теңгеге мұзайдын салынады

Бұл туралы мемлекеттік сатып алу порталында жарияланған. Нұр-Сұлтандағы «Сарыарқа» ауданына салынатын мұзайдынына 136 млн теңге жұмсалмақ. Тапсырыс беруші – «Нұр-Сұлтан қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Эстетикалық безендіру бойынша қызмет көрсетумен қатар, ғимараттарды, құрылыстарды, қоғамдық және басқа да орындарды қысқы кезеңге дайындау жөніндегі қызметтерге жоспар бойынша 135 714 285,71 теңге қарастырылады.

Өтінімдерді алдын ала қабылдау 24 тамыз-8 қыркүйек аралығында өтеді. Сонымен бірге техникалық ерекшелікке сәйкес, 1,8 мың шаршы метр алаңды мұзайдынын құюға дайындау, мұзайдынын құю, оған ары қарай күтім жасау жұмыстары істеуі тиіс.

Ж.МҮСІЛІМ

«Nur Otan» халық өтінішіне құлақ асып келеді

«Nur Otan» партиясы азаматтардың өтініш-тілегіне барынша ден қойып, назар салып жүр. Жыл басынан бері партиялық бақылау комиссиясының 1 293 отырысы өткізіліп, онда 4 137 түйткілді мәселе қаралған. Олардың ішінде жекелеген мемлекеттік органдарда халықпен кері байланыстың болмауы, білім ошақтарының төңірегіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өңірлердегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен жол инфрақұрылымының көңіл көншітпейтіні мәлім болды.

Партияның баспасөз қызметінің ақпаратына сенсек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халықпен өзара іс-қимылдың белсенді форматына көшу және ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалары аясында жыл басынан бері азаматтардың өтініші негізінде 2 мыңнан астам түрлі рейд ұйымдастырылыпты.

Жаңа оқу жылы қарсаңында нұротандықтар Көкшетау қаласындағы №13 гимназияның төңірегін тексерді. Оқушылардың ата-аналары жол инфрақұрылымы мен көше шамдарының жоқтығына шағымданған. Олардың айтуынша, әсіресе қыста мектепке жету қиын. Партияның араласуынан кейін әкімдік мектепке баратын жолды жөндеуге және 30 қыркүйекке дейін жарық орнатуға уәде берді. Тұрғындардың өтінішіне уақытылы жауап бермегені үшін партия мүшелері Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Ерназаровқа «ескерту» түріндегі жаза қолдануды ұсынды.

Өз кезегінде «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясы Махамбет ауылындағы орта мектептің жаңа ғимаратының құрылысын тексерген. Мұнда бұған дейін балалар үш ауысымда оқуға мәжбүр болды. Азаматтар партияға өтініш білдіргеннен кейін 200 орындық 3 қабатты қосымша ғимарат салу үшін жергілікті бюджеттен 380 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді. Бүгінде жұмыс 80 пайызға аяқталды. Нысанды қыркүйек айының соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Осыған ұқсас тексеру жұмыстарын Тараз қаласындағы нұротандықтар да жүргізді. «Шалғай Қарасу» ауданында 600 орындық мектеп салынып жатыр. Құрылысты жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Оны партия ерекше бақылауға алды.

Алматыда «Nur Otan» партиясының өкілдері Алғабас шағынауданы тұрғындарының жол-көлік апаттарының жиілеп кетуіне және №164 балабақшаға жақын жерде жылдамдықты сақтамау фактілеріне қатысты шағымын тексерді. Нұротандықтардың жедел араласуынан кейін жол өткелдеріне «Балалар» және «Жылдамдықты шектеу 40» жол белгілері орнатылды. Тұрғындардың өтінішіне уақытылы жауап бермегені үшін партиялық бақылау комиссиясы Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің орынбасары Әділет Тоқтасыновқа «ескерту» түріндегі партиялық жаза қолдануды ұсынды.

Партияның баспасөз қызметі хабарлағандай, бірінші жартыжылдықта Партиялық бақылау комитеті мен комиссиялары жеке және заңды тұлғалардың 716 өтінішін қараған. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға 4 мыңнан астам ұсыныс беріліпті. 150 адам партиялық жауапкершілікке тартылса, олардың қатарында бірқатар вице-министр, өңір әкімдерінің орынбасарлары, мәслихаттардағы фракция басшылары бар. Олардың ішінде түрлі заңбұзушылықтарға жол бергені үшін 46 адам партиядан шығарылды.

М.ТӨЛЕУ

Ақмоладағы сүт зауытын аралады

Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Құсайынов Зеренді ауданындағы Milk project сүт зауытының жұмысымен танысты. Халық қалаулысы сүт өңдеу кәсіпорнындағы өнім көлемін ұлғайту үшін заманға сай технологияларды енгізу қажет екенін айтты.

Milk project сүт зауыты – мемлекеттік қолдаудың арқасында қайта жаңғыртудан өтіп, еңбек өнімділігін бірнеше есеге арттырған кәсіпорындардың бірі. Ол үшін серіктестік өндіріске цифрлы технологияларды енгізіп, жұмысқа білікті мамандарды тартыпты.

Сүт өңдеу кешені бүгінде Ресей, Израиль, Швеция елдерінің заманауи қондырғыларымен жабдықталған. Соның арқасында соңғы 10 жыл ішінде кәсіпорын сүт өнімдерін қайта өңдеу көлемін бірнеше есеге арттырған. Бүгінде кәсіпорын жылына 20 мың тонна сүт өнімін шығарады. Бұл көрсеткішке сүт –тауарлы ферма ашу арқылы қол жеткізген. Себебі шикізаттың негізгі көлемі өздерінікі болғандықтан, өндірісті жыл он екі ай тоқтатпай, бір қарқынмен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды.

Кездесу барысында Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Құсайынов ауыл шаруашылығы саласында заманауи агротехнологияларды енгізбей, өнім көлемін ұлғайту мүмкін емесін атап өтті.

«Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерімен елімізді, сондай-ақ шетелде өз өнімдерімізді кеңінен бағыттау үшін агротехнологияларға баса мән беру қажет. Бұл өз кезегінде экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді», – деді депутат.

Айта кетейік, кәсіпорын өз өнімдерін Қазақстан бойынша ғана емес, Ресейдің бірнеше қаласына да жөнелтеді.

Кәсіпорын «Бизнестің Жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы 300 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау тапқан. Сонымен қатар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының субсидиялау бағыты бойынша сүт-тауарлы фермасын ашуға қолдау көрсетіліпті. Биыл фермаға сүтті сиырлардың алғашқы партиясы жеткізілді.

Халық қалаулысы елімізде агроөнеркәсіптің дамуына мемлекет тарапынан қолдау әлі де көрсетілетінін атады. Тек қайтарымы болу керек.

Кәсіпорын басшылығы тұрақты жұмыс орындарын ашу және салық төлеуде де кәсіпорын өз жауапкершілігін ұмытпағанын атап өтті. Бұл бағытта Milk project сүт зауыты өңірдің алдыңғы өндіріс орындарының қатарында. Кәсіпорында бүгінде 99 адам жұмыс істейді. Ал өткен жылы бюджетке 200 млн теңге көлемінде салық төлеген.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Халық қалаулылары Семейде болды

Парламент Мәжілісінің депутаттары Семей қаласында да бірқатар кездесу өткізді.

«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Ирина Унжакова, Әмірхан Рахымжанов пен Жанат Омарбекова партияның «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасын іске асыру мониторингі шеңберінде шаһардағы Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледж, «Силикат» ЖШС, Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты мен Восход кентіндегі автоматтандырылған кешеннің жұмыс барысымен танысты. Халық қалаулылары М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің орталық жылуға қосылмауы өзекті мәселе екенін атап өтті. Семей қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мамандары бұған «Теплокоммунэнерго» мекемесіне қарасты «Центр» қазандығындағы қуат тапшылығы себеп болып отырғанын, бұл мәселе 2022 жылы қосымша қазандық орнатылса ғана шешілетінін жеткізді.

А.ӘБІЛ
Шығыс Қазақстан облысы

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

Жас әкімге сенім мол

«Жас келсе – іске». Солтүстік Қазақстан облысында жаңадан сайланған ең жас ауыл әкімдерінің бірі Темірболат Темірхановқа қазақтың аяулы перзенті, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев туып-өскен ауылдық округтің тізгіні ұстатылды. Қазақтың бетке ұстар қайраткері туған ауылдың туын жықпай, ел көлемінде мақтан тұтар елді мекенге айналдыру, келімді-кетімді қонаққа ұялмай көрсетуге лайықты ету – ерге сын. Мұнда тіркелген 325 сайлаушының 283-і, яғни 70 пайыздан астамы өз дауысын өзін-өзі ұсынған «Nur Otan» партиясының мүшесі Темірболат Әділұлына берді. Енді жаңа әкімнің алдында сайлаушылардың сенім үдесінен шығып, халыққа қалтқысыз қызмет ету міндеті тұр. Бұл оңай жауапкершілік емес.

Темірболат Әділұлының сөздің емес, істің адамы екені ә дегеннен-ақ аңғарылды. Үнемі ауылдарды аралап, тұрғындардың мұң-зарымен танысып, оларды шешуден қолы бір босамайтын жас әкім бізбен әңгімелесуге әрең дегенде уақыт тапты. AIQYN-ның өзі туралы жазғысы келетінін естігенде ол әлі жас екенін, тәжірибесі жоғын, өзінен әлдеқайда тәжірибелі, сыйлы әкімдер жетерлік екенін алға тартып, таңданысын жасырмады.

Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында дүниеге келіп, 2 жасынан бастап Мағжан Жұмабаев ауданында өсіп-жетілген Темірболат Әділұлы бұл өңірдің жай-жапсарымен жастайынан таныс. Әкеден ерте қалып, анасы жалғыз тәрбиелегендіктен, жұмысқа ерте араласуына тура келген. Әкім болып сайланғанынан бері онша көп уақыт өте қоймаса да, Мағжан елін көркейтуге бел шеше кірісіп кеткен. Мағжан ауылдық округінің құрамына ұлы ақынның әйгілі Сарытомары мен Жастар ауылы кіреді. 400-ден астам тұрғын бар. Сайлауалды науқан барысында ол ауылдықтармен бірнеше рет жүздесіп, барлық өтініш-тілегін тыңдаудан бір жалыққан емес. Әсіресе, жол, су, жарық мәселелері халықтың мұң-мұқтажына айналғалы қай заман. Енді жас әкім әр үйге таза ауызсу енгізіп, барлық көшені жарықтандыру міндетін өз мойнына алып отыр. Сарытомардың көшелерін жарықтандыруға былтыр кірісіп, ақыр-соңын сиырқұйымшақтатып жіберген мердігерлердің аяқтамай кеткен жұмысын да Темірболат Темірханов қолға алды. Жастар ауылына су тарту үшін қажетті құжаттар әзірленіп жатыр. Ауылдықтардың тіршілік нәріне қарық болатын күні алыс емес. Елді мекендерге дейінгі және ауыл ішіндегі жолдарға асфальт төселгенімен, күрделі жөндеуді қажет етеді. Ол үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу міндеті тұр. Өзінің сайлауалды бағдарламасында көрсетілген бұл мәселе алдағы екі жылда өз шешімін табады деп сендірді Темірболат Әділұлы. Өйткені қазақтың ақиық ақынының ауылына апарар жол мінсіз болуы керек екенін, жалпы, киелі мекенді көркейту керегін жақсы түсінеді. Оның айтуынша, Сарытомар ауылы жылдан-жылға дамып, абаттандырылып, гүлденіп келеді. Мағжан Жұмабаевтың алдағы мерейтойына дайындықты жерлестері осы бастан бастап кеткен. Ауылдағы барлық мекеме мен ұжым, қоғамдық жұмысқа тартылғандар әр бейсенбі сайын өз ғимараттарының маңайын жинастырып, көгалдандыру, санитарлық тазарту жұмыстарын атқарады. Ауылдың келбетін жақсартып, әлеуметтік-экономикалық дамуына барша тұрғын атсалысып келеді. Әлемді жайлаған пандемияға байланысты Алаштың ардақтысы туған ауылға соңғы кезде адам аяғы сиресе де, алдағы уақытта мұнда ағылатындардың қатары қайтадан қалыңдайтынына олар сенімді. Сондықтан Сарытомар қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызының ауылы деген атаққа қай жағынан алса да лайықты болуы үшін қолдан келгеннің барлығын жасап тырысып бағуда. Ауыл тұрғындарының пікірінше, бұл іс жас та болса, бас болып отырған Темірболат Темірхановтың қолынан келеді.

«Ауылдық округтердің жаңадан сайланған әкімдерінің ендігі жұмысы билік басындағылармен және жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас орната білуіне байланысты. Кез келген әкім шешімін күткен мәселелерге тап болады. Сондықтан бұл ретте жаңа келген адамдарға қарағанда бұған дейін осы жерде тұрып, өз адамы болып есептелетін кірігіп кеткен әкімдерге жеңілірек. Алайда кез келген мәселенің уақытылы әрі сапалы шешілуі әкімнің жеке басының қасиетіне, кәсіби шеберлігіне, іскерлігіне де байланысты. Қай тұрғыдан алсақ та, Темірболат осы талаптардың қайсысына болсын сай, жергілікті жердің адамы, бизнесте де, билікте де жұмыс істеген. Сондықтан оған сенім арттық», – дейді Сарытомар ауылының тұрғыны, ауылдық округтің ақсақалдар алқасының төрағасы Бегалы Жанділдин.

Бұл аймақта халық еңбекқор. Тұрғындардың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысып, не бау-бақша баптап, өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыз адамдар бірен-саран ғана. Дегенмен жаңа әкім кәсіпкерлермен бірлесіп, екі қолға бір күрек іздеген адамдарға жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлап отыр. Ол үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы қайта даярлықтан өтіп, оқу курстарына қатысуына жәрдемдеспек.

Соңғы кезде бұл округте тұрғын үй құрылысы қарқын ала бастағаны – ауылдың дами түскенінің айғағы. «Еңбек» бағдарламасы бойынша жұмыс күші көп өңірлерден қоныс аударушылар үшін қазір он үй салынып жатыр. Ауылда дәрігерлік қосын, мешіт, кітапхана, мәдениет үйі, екіқабатты мектеп сияқты барлық әлеуметтік-мәдени нысандар тұрғындар игілігі үшін үздіксіз жұмыс істеп тұр. Жаңа әкім өзінің сайлауалды бағдарламасында спорт саласын, саламатты өмір салтын және ауыл тұрғындарының мәдени демалысына жан-жақты қолдау көрсетуге күш салатынын атап көрсеткен болатын. Сондықтан ауыл әкімінің абыройлы жұмыс істеуіне жерлестері де мүдделі. Олар жас әкім құрғақ уәдеге қарық қылмай, нақты ісімен халықтың ризашылығы мен алғысына бөленеді деген сенім артып отыр. Ол үшін Темірболат Әділұлы өзінің мектепте және мемлекеттік қызметте жұмыс істеген кезінде жинақтаған тәжірибесі мен бар күш-жігерін сарп етуге әзір. «Ол үшін тұрғындардың сенімін арқалаған әкім халықтың өтініш-тілегін, шешімін күткен мәселелерді жіті зерделеп, мән-жайдан хабардар болып, шешімін табуы тиіс, әр іске бастамашы болуы керек. Әрі ауыл әкімдерінің жұмысына жаңаша көзқарас қажет. Әкімдерді тікелей сайлау азаматтық қоғамның дамуына, жергілікті жерде демократияның орнығуына тың серпін береді деп ойлаймын. Сондықтан бар білімім мен дағдымды жаңа жұмысқа жұмсауға әзірмін», – дейді Темірболат Темірханов.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

2012 ЖЫЛ: «Мәңгілік ел» – стратегиялық идея

Жаңа мыңжылдықтың алғашқы он жылдығы еліміз үшін қалыптасу кезеңі болды десек, одан кейінгі екінші декаданы даму даңғылына қадам басқан дәуір деуге болады. Ішкі саясат та, сыртқы саясат та жаңаша нығайған сапалық сипатта өрілді. Ал жылдың басты жаңалығы – «Мәңгілік ел» идеясының жария етілгені.

Нұрлан ҚОСАЙ

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА

2012 жыл еліміздегі саяси ахуалдың жаңғыру жолындағы жаңашылдықтарымен ерекше болды. Конституцияға көппартиялық туралы енгізілген өзгерістерге сәйкес Мәжілістің таратылуына байланысты, Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарының сайлауы осы жылғы 15 қаңтарға белгіленген болатын. Осы саяси додада халық дауысының 80,74%-ын жинаған «Нұр Отан» партиясы халық сенімінің деңгейін кезекті рет дәлелдеді. Осылайша, Мәжілістегі орынның басым бөлігін билік партиясы алып, одан кейінгі орындарға «Ақ жол» мен Қазақстанның халықтық коммунистер партиясы ие бола алды. Сайлаудан соң өткен жеңімпаздар форумында «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев осы уақытқа дейінгі мемлекеттік саясаттың халықтың көңілінен шыққанына жоғары баға беріп, дауыс беру арқылы сенім білдірген барша сайлаушыларға алғысын жеткізді.

«Құрметті отандастар! Бұл – біздің ортақ жеңісіміз, барша Қазақстан халқының жеңісі. Дауыс берудің қорытындылары қазақстандықтардың елімізді дамытуға, экономика мен саясатты жаңғыртуға, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға арналған біздің бағытымызды қолдайтынын білдіреді. Халық қоғамдағы бірлік, өзара түсіністік пен толеранттылық үшін, партияның нақты ісі мен бағдарламасы үшін дауыс берді», – деді Елбасы. Осылайша, 2012 жыл саяси жаңғыру жылына айналып, Қазақстанда көппартиялы Парламент жұмысына кірісті.

«ҚАЗАҚСТАН-2050»: «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

2012 жыл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына екі рет Жолдау арнағанымен есте қалмақ. Жыл басында, яғни 27 қаңтарда ол «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауын жариялаған болса, жыл соңында, яғни 14 желтоқсанда «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын жаңа құжатпен таныстырды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан-2050» стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады. Олар: 1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм. 2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау. 3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік. 4. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. 5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту. 6. Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту. 7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

Осы жиында ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаев қазақстандықтарды бірлікте болуға шақырып, «бәріміздің де туған жеріміз біреу, ол – қасиетті қазақ даласы» екеніне маңыз берді. Тұңғыш рет «Мәңгілік ел» идеясы ұсынылды. «Мәңгілік ел» ұғымы ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынғанын алға тартты.

«Мәңгілік ел» ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман-тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы», – деп атап өтті Елбасы.

> *«Мәңгілік ел» ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман-тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу.*

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

12 қаңтарда Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында Алаштың ардақтысы, халқымыздың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс болып өтті. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, есімі елге қадірлі ерен тұлға хақында сөз сөйледі.

«Дінмұхамед Ахметұлын үлкен ішкі мәдениеті, терең білімдарлығы мен мол өмірлік тәжірибесі ерекшелеп тұратын. Ол өзіне біздің халқымыздың, сол уақыттағы қазақ зиялыларының ең жақсы қасиеттерін сіңіре білді. Оны тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз қажет», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мерейтойлық іс-шара осы күні Д.Қонаевтың пәтер-мұражайының ашылуымен басталған болатын. Ол бұған дейін жұмыс істеп келген Д.Қонаев мұражай-үйінің жәдігерлік бөлімінің жалғасына айналды. Одан соң тарихи тұлғаның ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі жасалды. Ал осыдан бір апта бұрын Д.Қонаев туралы фотоальбомның тұсаукесері өткен болатын.

100 жылдыққа арналған іс-шаралар жыл бойы еліміздің барлық өңірлерінде жалғасты. Мәселен ақпан айында Астанада «Дінмұхамед Қонаев және оның дәуірі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Соның ізімен жер-жерлерде көптеген жиын өткізіліп, ескерткіші ашылды. Бұдан бөлек, «Қазақфильм» киностудиясы, «Хабар» агенттігі мен Солтүстік Қазақстан облыстық телестудиясында 3 деректі фильм түсірілді. Осы жылы «Қазпошта» АҚ-ның «Мерейтойлар, ұмытылмас даталар және мейрам күндері» сериясы аясында мерейтойлық пошта маркасы айналымға енді. 50 000 таралыммен жарық көрген марка төрт бояулы, офсетті тәсілмен басылған, перфорациясы – жоталы: 28 х 40 мм, номиналы 100 теңге. Маркада қайраткердің суреті бейнеленген. Авторы – суретші Данияр Мұхамеджанов. Марка «Қазпошта» АҚ топтамасындағы 766-пошталық марка болып табылады. Сондай-ақ осы жылы Дінмұхамед Қонаевтың суреті бедерленген номиналы 500 теңгелік монета айналысқа шығарылды. Ақша құралы 5 000 дана таралыммен шығарылған.

ЕҚЫҰ-дан КЕЙІНГІ ҚОС ТӨРАҒАЛЫҚ

2010 жылы еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ын¬тымақтастық ұйымына төрағалық еткен соң халықаралық деңгейдегі мәртебесі де арта түскен болатын. 2012 жылы Қазақстан тағы да қос бірдей ұйымның төрағалық тізгінін қолға алды. Олар – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Жарғылық органдары мен Ислам ынтымақтастық ұйымы еді.

ҰҚШҰ-ның негізгі мақсаттары – бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде мүше мемлекеттердің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау. 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсізді туралы шарттың негізінде 2002 жылы құрылған ұйымның құрамында Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері бар. Еліміздің осы жылғы ҰҚШҰ-ның Жарғылық органдарына төрағалық ету кезеңіндегі басымдықтарын іске асыру барысында «2015-2020 жылдарға арналған ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің есірткіге қарсы стратегиясы» қабылданды. Бұл құжатта ірі есірткі дилерлерін және олардың билік құрылымдарымен байланыстарын анықтау, жеткізу арналарын жабу бойынша бірлескен жедел іс-шараларды өткізу қарастырылған. Осы жылы 15 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде болған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысты.

Ал Ислам ынтымақтастығы ұымы – ең ірі және ықпалды үкіметтік әрі халықаралық мұсылман ұйым. 2011 жылғы 28-30 маусымда Қазақстан астанасында Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-сессиясы өткен болатын. Сол сәттен бастап Қазақстан осы халықаралық ұйымға төрағалық етуге кірісті. Бұл жиынды тарихи оқиға деп атауға болады, өйткені онда Ислам конференциясы ұйымы өз атауын Ислам ынтымақтастығы ұйымы деп өзгерту туралы шешім қабылданды. Адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссия құрылып, алғаш рет ИЫҰ-ның Орталық Азиямен ынтымақтастық жөніндегі іс-әрекет жоспары қабылданды.

Қазақстан төрағалығы кезінде ислам әлеміндегі күрделі геосаяси ахуалға байланысты ИЫҰ-ның атқару комитетінің Сирия мен Ливиядағы дағдарысты реттеуге арналған төтенше отырысы өтті. Сомалидегі гуманитарлық апатты еңсеру, исламофобиямен күрес және дінаралық қақтығыстардың алдын алу мәселелері ұйым назарына алынды. Еліміздің бастамасын қолдау арқылы өткізілген кең ауқымды науқан аясында Сомали үшін жалпы мөлшері 500 миллион доллардан астам қаржы жинақталды.

Сондай-ақ Қазақстан ұйымның Сауда және экономикалық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Бұл комитет – ұйымға мүше мемлекеттер арасында сауда-экономикалық өзара әрекеттестікті жүзеге асыруға жауапты басты орган. Нәтижесінде, Қазақстан 2012 жылдың көрсеткіштері бойынша ұйымға мүше елдердің 40-тан астамымен сауда, көлік, туризм, қаржы салаларына бағытталған экономикалық ынтымақтастық орнатты. Еліміздегі 10 мыңға жуық кәсіпорынның 2,6 мыңы ұйымға мүше 28 мемлекет пен Қазақстан арасында құрылған бірлескен кәсіпорындар болды.

ЛОНДОН ОЛИМПИАДАСЫНДАҒЫ ОЛЖА

2012 жыл – төртжылдық додасы Олимпиада жылы болды. Лондон қаласында 27 шілде мен 12 тамыз аралығында өткен XXX жазғы Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 25 спорт түрінен 115 спортшы қатысты. Бұл еліміздің бес шығыршықты сайыстарға бесінші рет қатысуы еді. Ұлыбритания қазақстандық спортшылар ең жеңісті өнер көрсеткен алаң болды. Лондонда Қазақстан 7 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль жеңіп алып, алқаларының саны бойынша жалпы есепте 204 елдің арасынан 12-орынға тұрақтады. Серік Сәпиев (бокс), Илья Ильин (ауыр атлетика), Александр Винокуров (велоспорт), Зүлфия Чиншанло (ауыр атлетика), Майя Манеза (ауыр атлетика), Светлана Подобедова (ауыр атлетика), Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика) Олимпиада чемпиондары атанса, Әділбек Ниязымбетов (бокс) күміс алқа иеленді. Ақжүрек Таңатаров (еркін күрес), Гузель Манюрова (еркін күрес), Даниял Гаджиев (грек-рим күресі), Марина Вольнова (бокс), Иван Дычко (бокс) қола жүлдені иемденді.

ЕХРО-дағы ЖЕҢІС

22 қарашада ЕХРО Халықаралық көрмелер бюросы Бас ассамблеясының Парижде өткен 152-сессиясында ЕХРО-2017 халықаралық көрмесі Астана қаласында өтетін болып шешілді. ХКБ-ға мүше 161 мемлекеттің жасырын дауыс беруі нәтижесінде Астананы 103 ел қолдап шықты. Көрмені өткізуге Қазақстанмен қатар кандидатураларын тіркеткен Бельгия (Льеж қаласы) таласқан еді. Еліміз бұл көрмеге энергияның балама көзіне және «жасыл» технологияға арналған «Болашақ энергиясы» атты тақырыпты ұсынған болатын.

Естеріңізде болса, 2017 жылы ЕХРО Дүниежүзілік көрмесін өткізуге үміттеніп отырған Астананың кандидатурасын қолдау үшін түсірілген Astana Expo –2017. Great Expectation of Kazakhstan атты Қазақстан фильмі қазан айында Каннда өткен халықаралық фестивальде марапатқа ие болған еді.

Биылғы жоспар – 33,6 мың тонна күріш

Алматы облысының Қаратал мен Балқаш ауданында мал шаруашылығымен бірге өсімдік шаруашылығы да өркен жайған. Осы екі ауданда өсірілетін егістіктің ішінде күрішке де баса назар аударылады. Елімізде Балқаш пен Қараталдың күрішін тұрақты сатып алатын өз тұтынушылар тобы қалыптасқан.

Биыл жетісулық дихандар 8,2 мың гектарға күріш ексе, соның басым бөлігі – 7,4 мың гектары Балқаш ауданында орналасыпты. Қазір ауданда төрт шаруа қожалығы ақмаржан өсіруді өздері айналысатын кәсіптердің көшбасына қойып отыр. Оларда өсірілген ақмаржанды жеті арнайы цех заманауи технологиялық желілер арқылы өңдеуден өткізіп, тұтынушыларға дайын өнім жөнелтеді.

Аймақтағы күріш өсіретін жетекші кәсіпорынның бірі – «Бірлік» Агрофирмасы» ЖШС биыл 1 114 гектар жерге күріш өсіріп, баптауда. Әзірге алдағы күзге жасап отырған болжам жаман емес. Күріш өсірудің қыры мен сырын әбден меңгерген шаруалар, бұйыртса гектарынан 44 центнерден дән аламыз деп алақандарын ысқылап отыр. Қазір алқаптардағы ақмаржанның бастары толысып, сүттенуде.

«Бірлік» Агрофирмасы» ЖШС директоры Алмас Қыстаубаевтың айтуынша, кәсіпорын 2004 жылы халықаралық деңгейдегі агрономдардан өндіріс орны шығаратын өнімдердің экологиялық тазалығы мен жоғары сапасы жөнінде сертификат алыпты.

– Технопаркті барынша жаңалау және элиталық сортты тұқымдар сатып алу арқасында өнімділікті одан ары арттыруды жоспарлап отырмыз. Осыған байланысты бірінші кезекте жердің құнарлылығын арттыруға барынша көңіл бөлудеміз. Өнімдердің жоғары сапасына қол жеткізу – оңай шаруа емес. Қажырлы еңбек пен қомақты қаржыны қажет етеді. Соған қарамастан бар мүмкіндігімізді тұтынушылар талабынан шығуға жұмсаудамыз. «Бақанастың күріші қандай ірі әрі дәмді. Палауға да таптырмайды» деген сөздерді естігенде, кеудемізді мақтаныш кернеп, қуанып қаламыз. Бұл мойындау біздің еңбегіміздің ақталғанын білдіреді. Бүгінде Бақанастың күріші Алматы қаласын қоса алғанда, еліміздің барлық аймағында сұранысқа ие, – дейді директор.

«Бірлік» Агрофирмасы» ЖШС 2001 жылы құрылған. Күрішке қоса, бидай мен жоңышқа өсіреді. Биыл 1 589 гектарға бидай егіп, гектарынан 18,5 центнерден өнім жинады. Орақ аяқталып, астық қамбаға құйылды. Сонымен бірге серіктестік мал шаруашылығын мүмкіндігінше дамытып келеді. Қазір шаруашылықта 1 000 жылқы, 3 500 сиыр мен 4 500 қой-ешкі бар.

Жалпы, биыл Балқаш ауданында ауыл шаруашылығы дақылдары 30 мың гектарға егілген. Аудан бойынша күріштің түсімі гектарынан 43,4 центнерден айналады деген үміт үлкен бар. Мұнда күріштің «Бақанас», «Регул» және «Заря» атты үш түрі өсіріледі.

Жоғарыда жазғанымыздай, облыстағы Қаратал ауданында да аз да болса ақмаржанды алқаптар орналасқан. Биыл қараталдықтар 770 гектарға күріш сеппкен. Екі ауданды қоса есептегенде, жоспар орындалса, күзде барлығы 33,6 мың тонна аппақ дән жиналып, өңделіп, қамбаға құйылады. Өңірде күріш шаруашылығының дамуына қос ауданның әрқайсысында екі-екіден құрылған 4 сервистік-дайындау орталығы айрықша ықпал етіп отырғаны анық. Балқаш ауданындағы сервистік-дайындау орталықтарында жалпы құны 874 миллион теңге болатын 11 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар.

Негізі, облыста агроөнеркәсіптік кешеннің табысты дамуы және осы салада еңбек ететіндерді қолдау үшін 53 сервистік-дайындау орталығы құрылып, аграршыларға қызмет көрсетуде. Осы орталықтарға 11,6 млрд теңгеден астам қаржыға сатып алынған 1 258 бірлік арнайы техника қаржылық лизингке берілген. Олардың арасында биыл Ескелді ауданында картоп өсіру бағыты бойынша жұмысқа кіріскен сервистік-дайындау орталығына 397 миллион теңгеге ауыл шаруашылығы техникасы сатып алыныпты.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Биші бейнеті зор, зейнеті қор

Балетке бишілер ерте жастан қатысады. Әрі олардың сахнадағы дәурені де өте қысқа болады. Өйткені денелері қатпай тұрғанда сахнада емін-еркін билей алуы мүмкін. Олар жасы келіп, қартайғанша билеп жүре алмайтыны анық. Оның да себебі бар: әр би оңайлықпен келмейді. Қаншама жаттығу жасайды. Арасында құлап, жарақаттанып та қалуы мүмкін. Оның үстіне денсаулығы да сыр бере бастайды. Барлығы бірдей мұғалім бола алмасы белгілі. Сонда не істемек?

Айым БЕКТҰР

Рас, қазір елімізде балет мектептері көптеп ашылып жатыр. Олардың көбі балет ұстазы қызметін атқаруы мүмкін. Болмаса, бишілер шәкірт тәрбиелеп, жеке мектеп ашатын шығар. Бірақ зейнет жасына дейін сахнада жүре ала ма?

БИШІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӘСІБІ – БИ

Өнертану ғылымының кандидаты, профессор Тойған Ізім бишілердің ұзақ уақыт сахнада жүре алмайтынын айтып отыр. Ғалым: «Бір кездері биші, балет әртістерінің зейнет жасын өзгерту туралы ұсыныс көтерілген. Бірақ ол ұсыныс күйінде ғана қалды. Себебі әнші, вокалистер, музыканттар, цирк әртістеріне де зейнет жасын қайтару керек болады деп, заңға өзгеріс енгізген жоқ. Бірақ 20 жыл еңбек өтілі болса, оның жұмыстан шығуына болады. Яғни, белгілі бір пайызда еңбекақы төленеді екен. Оның өзі болар-болмас ақша, яғни 30 бен 60 мың теңгенің арасында ғана. Ұзақ уақыт сахнада жүрген бишілерге обал болды. Тізең басылмайды, бел ауырады. Омыртқа орнынан қозғалады. Менің мойын омыртқам қозғалып кеткен. Көп бишілер омыртқадан жарақат алып қалады», – дейді.

Бұрын биші 20 жыл сахнада жүрсе, зейнетке шыға алатын еді. Қазір ондай жеңілдік жоқ. Қырық пен елудің арасындағы бишілерді сахнаға шығару қисынды ма? Кіл желкілдеген жастармен бірдей тұрып, өнер көрсете алмайтыны тағы бар. Бишілердің негізгі кәсібі – би. Биден басқа қайда барады? Қырықтан кейін басқа кәсіпке ауысып, мамандық өзгертуге адамның бәрі бірдей қабілетті бола бермейді.

Бұған дейін балет бишілерін зейнет демалысына ерте жіберу туралы мәселені қазақ балет өнерінің майталманы Болат Аюханов жиі көтерген болатын. Ол бір сұхбатында: «Қырық бес жасымда соңғы рет Гамлетті алқынып, әрең билеп шыққанмын. Ал 45 жастағы әйел қандай кәсіби биші болсын, жас кезіндегідей билей ала ма, өнерсүйер қауымға эстетикалық ләззат сыйлай ала ма? Осыны ойламайтын Үкіметте ұят бар дегенге сенбеймін. Қазір бізде сахнада не істеп жүргендерін өздері білмейтін кәрі бишілер жетерлік. Мен оларды қуып шыға алмаймын, өйткені байғұстар зейнетке шыққанша шыдайық деп, соңғы демі жеткенше тырысып-ақ жүр. Қанша сіңірін созғанмен, мені де, көрерменді де риза ететін өнер көрсете алмайтыны тағы белгілі. 17 адам зейнет жасына жете алмай қайтыс болып кетті» деген еді. Бірақ балет королінің бұл арманы әлі орындала қойған жоқ. Жасы қырықтан асса да, әлі күнге сахнада жүрген бишілер көп. Олардың бәрі өмірін биге арнаған. Сол себепті де осынау бір бекзат өнерден кете алмайды.

Балетке әртістердің тым ерте келетінін ескерсек, Қазақстанда оларға жарты ғасыр еңбектену керек. «Ғалымдар балет бишілері қызметін кеншілердің еңбегімен салыстырады, соның өзінде қазақстандық балет әртістері ғұмырының жартысынан көп бөлігін билеумен өткізуі керек», – дейді әртістер.

Ал биші Перизат Омарбекова «бұрын бишілер қауымы 20 жыл еңбек өтілінен соң, 38 жасында зейнетке кеткен болса, қазір ол заңды алып тастаған» дейді. Биші бұл заңды қайта қарастыру керегі қанша айтылса да, өзгеріссіз тұрғанын айтады. «Соңғы мәліметке сүйенсек, жас келгенде би билеу қиын болған соң, бишілерге 20 жыл еңбек өтілінен соң, айлығына белгілі бір пайыз көлемінде қосылады деген жаңа заң шыққан. Нақты неше екенін білмедім. Қазір бишілердің шамасы келгенше сахнадан түспеуге, зейнетке басқа ел қатарлы шығуға құқығы бар. Негізі, бишілер физикалық құрылымы жағынан да, өзінің өмірлік ұстанымы, жеке денсаулығы тұрғысынан қарасақ та әртүрлі. Мысалы, аты әйгілі Майя Плесецкая 90 жасқа келгенше билеген екен. Қытайдың аты әйгілі атақты бишісі Янь Ли Пин 58 жаста, әлі де сахнада жүр. Ал Үндістанның кәсіби бишілері қарттық келгенше сахнадан түспейтініне өзім көз жеткізіп келдім. Табиғат адамзатты әртүрлі етіп жаратады ғой, дегенмен бишілердің ағзасына гимнастика спорты секілді өте үлкен салмақ түседі», – дейді Перизат Омарбекова.

БАСҚА КӘСІПКЕ БАРУЫ МҮМКІН БЕ?

Жасы келіп, рөлсіз қалған бишілерге жаңа заман талабына сай курс оқып, басқа салаға кетуіне тура келеді. Бәрі бірдей кәсіп аша алмасы белгілі. Би өнеріне адам жүрек қалауымен келеді. Кез келген адам биші, балет әртісі болып кетпейтіні анық. Сондықтан өнерге шын берілген жандар екінші рет кәсіп жаңғыртуға мүдделі бола бермейді. Ресейде 20 жыл сахнада билеген биші құрметті еңбек демалысына шығуына құқы бар. Кейбір елдерде 40 жастан бастап зейнеткерлікке шығады. Бізде ше? Біздің бишілердің неге құқы жоқ? Біз бұл сауалды осы салаға жауапты министрлікке қойған едік.

Министрліктің айтуынша, жұмыс өтілі 20 жылдан кем болған кезде әртістерді жеңілдікпен зейнетақымен қамтамасыз етуге қатысты мәселе көптеген жылдар бойы пысықталуда.

Қазақстанда ынтымақты зейнетақы жүйесінен жинақтаушы жүйеге көшуіне байланысты 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жеңілдетілген және мерзімінен бұрын зейнетақы, оның ішінде әртістерге берілетін зейнетақы төлемдері қысқартылды. Бұл мәселе ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Үкіметі, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдар мен ҚР Парламенті деңгейінде қаралды. Алайда жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту қағидаттарын сақтау мақсатында әртістерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыны қалпына келтіру жөніндегі ұсыныс қолдау таппайды. Сонымен қатар 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №289-VI ҚРЗ қабылданған заң шеңберінде Мәдениет және спорт министрлігі әзірлеген «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан заңына кәсіптің өзіндік ерекшелігі бар мәдениет ұйымдарының әртістеріне арнайы ай сайынғы ақшалай төлемдер түрінде мемлекеттік әлеуметтік қолдауды көздейтін жаңа 15-1-баппен түзету енгізді.

«Түзетуге сәйкес ай сайынғы арнайы ақшалай төлемдерді алу құқығына кәсіби еңбек өтілі кемінде 20 жыл және балет әртісі лауазымында кәсіби қызметін зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін тоқтатқан балет әртістері ие болады. Бұл ретте арнайы ай сайынғы қаржылық төлемдер бір жұмыс орнынан соңғы 3 жылдағы орташа айлық жалақысының 60% мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен 109 есе аспайтын ай сайынғы ақшалай төлемақы түрінде әлеуметтік қолдау көрсетеді. Сондай-ақ Мәдениет және спорт министрі 2020 жылғы 24 сәуірдегі №101 бекіткен «Мәдениет ұйымдарының балет әртістеріне ай сайынғы арнайы ақшалай төлемдерді тағайындау қағидаларын бекіту туралы» қағидалары қолданылады», – дейді ведомство өкілдері.

Биші болу оңай емес. Ол да қыруар еңбекті, күш-жігерді талап етеді. Жаттығуда жүрген елу жастағы бишіні көз алдыңызға елестете аласыз ба? Профессор Тойған Ізім айтқандай, биші темір емес, ол да ет пен сүйектен жаралған адам. Оның да денсаулығы сыр беруі мүмкін. Таңның атысы, күннің батысы театрда жүре алмайды. Кейбір балет бишілері сахнадағы өмірдің ғұмыры қысқа екенін жиі айтып жүр. Жасы келіп, жұмыссыз қалып қалу да бишіге оңайға соқпайды. Сол себепті де, олардың зейнет жасын қайта қарайтын уақыт жеткен секілді.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Жылылық сыйлар Серікгүл

Өз ісінің кәсіби маманы болған жандардың еңбек тәлімі де ерек болатыны бар. Кәсіпорындардағы жұмыс ырғағын жандандырып отыратын да солар.

Газ саласының білікті маманы Серікгүл Шораханқызы да 30 жылдан аса осы салада табанды еңбек етіп келеді. Ерлермен иық тіресе жұмыс істеген ол «мамандығыма деген көзқарасым еш айныған емес» дейді. Бүгінде зейнет жасына жақындаған маман иесі Тәуелсіздік жылдарында елінің өркендеуіне, аймақты көгілдір отынмен қамтуға өзіндік үлес қосқанына қуанады.

Алтын ұя мектебін үздік аяқтап, арманына қол созған Серікгүл Омарова газ саласында еңбек етуге бел буғанда маңайындағылардың таңырқай қарағаны да жасырын емес. Дегенмен мақсаты айқын жас түлек Алматы қаласына барып, таңдаған мамандығына оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнын тәмамдаған соң жолдамамен туған жеріне оралып, 1983 жылы «Қызылордаоблгаз» өндірістік бірлестігінде еңбек жолын бастады. Әр жылдары жұмысында жоғары жетістіктерге жетіп, 15 жылда жауапты қызметтердің тізгінін ұстайды.

Тәуелсіздік алған жылдары сол уақыттың үрдісімен «Қызылордаоблгаз» мекемесі жекешелендіріліп, бірнеше маманмен бірге Серікгүл де қысқартуға ілігеді. Жеті жылдан аса жұмыссыз отырған ол мамандығымнан өзге жұмысты істеуге деген ниетім болмады дейді. Үмітін үзбей осы салаға қайта оралар шағын күте беріпті.

– Жоғары оқу орнын бітіріп, жұмысқа орналасқанымда мекемеде көбіне ер-азаматтар қызмет атқаратынын білдім. Олар маған алғашында осы салаға келгеніме таңырқай қарайтын. Кейін өзімді жақсы қырымнан көрсете білген соң, жауапкершілігі жоғары жұмыстарды тапсыра беретін болды. Жұмыстан босап қалған уақытта өзге салаға барғым келмеді. Мамандығым бойынша еңбек етемін деген үмітімді үзбедім. Өйткені газ бар жерде жылылық бар. Ал мен айналама, ел-жұртқа жылу сыйлағанды жақсы көремін, – дейді Серікгүл Омарова.

Арада жеті жыл уақыт өткен соң Қызылорда облысында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы ашылады. Білікті маман Серікгүл компанияның барлық сынағынан сәтті өтіп, қайта жұмысқа қосылады. Сол 2004 жылдан бүгінге дейін апатты диспетчерлік қызметінің диспетчері қызметінде еңбек сіңіріп келеді.

Бүгінде Ұлттық оператордың өндірістік филиалы өңірді газдандыру жұмысын қарқынды жүргізіп келеді. Облыстағы барлық аудан орталықтарына газ құбырлары тартылып, 5 аудан толықтай табиғи газға қосылды. Осының бәрі 5-6 жыл көлемінде ғана атқарылған орасан шаруа. Елге қайырлы істердің ортасында жүрген Серікгүл Омарова бұл жетістіктердің бәрі еліміздің тәуелсіздігінің арқасында деп біледі. Қазір 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеген ардақты ана өз ұлының да осы газ саласында елге қызмет еткенін жөн көріпті.

«Еліміздің газ саласында әлі атқарылар ауқымды жұмыстар көп. Сондықтан ұлымның осы салада қызмет атқарып, еңбегі сіңгенін қаладым. Өзімнің жиған тәжірибемнен балама бағыт берсем, оның жақсы маман атануына сеп болар еді. Білікті маман қашанда мемлекетімізге қажет», – дейді Серікгүл Омарова.

Қызметтестері де Серікгүлдің ұжымның ұйытқысы екенін айтып мақтанады. Жұмысқа келген жас мамандарды қолдап, оларға кәсіптің қыр-сырын үйретуден жалықпайтынын айтады.

Ерқанат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
Қызылорда облысы

Жауапкершілік кімге жүктелген?

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

Мамандардың айтуынша, бала өсіп келе жатқанда бұлшықет тонусының өзгеруіне байланысты көптеген асқыну пайда болуы мүмкін. Сондықтан асқынулар пайда болмау үшін оңалту емін үздіксіз алып отыру маңызды. «Қанат» мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттық-сауықтыру орталығының директоры Сәкен Теміркұловтың қабылдауына Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, көрші елдерден де науқастар келеді. Олардың дені – сал ауруымен ауыратындар. Оның ішінде балалар да, ересектер де көп. Қажетті емді жасағанмен, жүріп кетуі қиын адамдардың жиі кездесуіне себеп көп. «Неғұрлым уақыт өткізбей ерте келген адамдардың аяқтан тұрып кетуі көп. Одан кейін оңалтудың нәтиже беруіне әр адамның ақыл-ой дамуы, мінез-құлқындағы өзгешеліктер әсер етеді. Кейбір адамдар өздерінің қабілетін қолдана алмайды. Жұмыс істегісі келмейді. Бала кезінде туыстары оған науқас бала ретінде қарап, барлық мейірімді төгеді. Енді бір ата-аналар жұмыстан қолы тимейді. Баланы ата-апасына жібереді. Олар оны қинамайды. Сөйлеткісі келмейді. Осындай ортада өскендер өзімшіл болады. Онсыз да ақыл-ой дамуы мен сал ауруы бар адамның өзімшілдігі қырсықтыққа ұласады. Сөйтіп, өзінің негізгі ауруынан бөлек, ол психологиялық мүгедек болып қалады», – дейді Сәкен Теміркұлов.

Қалада тұратын ата-аналар баласын оңалту орталықтарына апарып, емін үзбей жүргізе алады. Ондай адамдар бала күнінен қоғамдық ортаға үйреніп кеткен. Керісінше, ата-анасының біреуі тастап кеткен, мүмкіндігі жоқ жағдайларда сал ауруынан бөлек мұндай «ерекше» адамдар психологиялық жағынан ауыр күйде болады. Мысалы, шалғай жерлерде тұратындар балаларын үнемі орталықтарға таси алмайды. Сондай кездері өздігінше жүріп-тұруы қиындай береді. Өйткені сүйегі өскеннен кейін қол-аяғы тартылып, бұлшықеттері қатар жұмыс істемеген соң қысқарып қалады. Буын ауруы пайда болады. Осылай деген Сәкен Теміркұлов буыны қатып қалған балаларды жергілікті жердегі невропатологтар көпке созбай жолдама арқылы ота жасатуға жіберу керек деп отыр. «Шымкент, Атырау, Алматы, Қарағанды қалаларында сал ауруы бар балаларға ота жасайды. Бірақ ақылы түрде. Бұрын 428 мың еді, қазір 520 мың теңге. Бұл тартылып қалған етті сөгітеді. Бізге жылдан-жылға сал аурудың өте ауыр түрімен ауыратындар келеді. Көбісі дер кезінде осындай ота жасата алмаған, жолдама ала алмағандар. Білуімше, көп орталықтарда 18 жасқа дейінгі адамдарды қабылдайды. Ал ересектер ақылы негіздегі біз секілді орталықтарды іздейді. Бізге кешегі күнге дейін екі айлық емдік курсқа 380 мың алдық. Бірақ бір үйдегі екі баланың мүгедектігі болмаса жүйке жүйесі бұзылған болса, біреуін тегін емдейміз. Сосын анасы жоқ болып, жалғыз әкелері қарап жатқан жағдайда баланың емінен 50 мың теңгені алып тастаймыз», – дейді «Қанат» мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттық-сауықтыру орталығының директоры.

Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

АРНАУЛЫ МЕКТЕПТЕГІ 16 БАҒДАРЛАМА

Аурудың осы түрімен ауыратындарға арналған оңалту орталықтарынан бөлек, арнаулы мектепте білім алу қарастырылады. Арнайы және инклюзивті білімді дамытудың ұлттық ғылыми практикалық орталығының директоры Әйгерім Күдеринова елімізде бойында кемістігі бар балалардың білім алуына мүмкіндік көп дейді. Айтуынша, ақыл-ойы кем балалардың ерекшелігіне сай бағдарлама әзірленген. Ол бойынша арнайы мамандар білім береді. Егер жалпы білім беретін мектептерде бастауышты 4 жыл оқыса, арнаулы мектепте 5 жыл. Өйткені балаларға артық жүктеме жасамау керек. Бір ерекшелігі, мұндай мектептерде бейінді мамандықтар бойынша 16 бағдарлама әзірленген. Яғни, оқушылар мектеп қабырғасының 5-сыныбынан бастап шаштараз, аспазшы, электрик секілді мамандықтарды терендетіп оқыта бастайды. «Мектептен кейін оқушылар колледждер мен жоғары оқу орындарына жіберіледі. Аурудың да әртүрлісі болады. Соның ішінде ақыл-ойы дұрыс балалар жоғары оқу орындарында жалпы стандартқа сай оқыту бағдарламасы бойынша білім алады. Бірақ оқу орнында олардың жүріп-тұруына мүмкіндіктер қарастырылуы мүмкін. Арнайы партасы, жүріп-тұруына ыңғайлы баспалдақтар мен жеделсатылар жасалады. Ал ақыл-ойы кем балалар аула сыпырушы, аспазшының көмекшісі секілді жеңіл мамандықтар бойынша білім алып, жұмысқа тұруына мүмкіндік бар», – дейді Әйгерім Мерекеқызы.

ӘЛЕУМЕТТІК КАФЕДЕ КІМДЕР ІСТЕЙДІ?

Кейінгі жылдары бірқатар қалаларда әлеуметтік тамақтану орындары ашылды. Оның ішінде ең алғаш болып Алматыда денсаулығында кемістігі бар адамдар жұмыс істейтін Training дәмханасы ашылды. Алғашқы кездері келушілер арасында қызмет көрсету түріне біртүрлі көзқарас қалыптасқанымен, қазір тұрақты келушілер қатары көбейіп келеді екен. Бұл жерде негізінен менталдық мүгедектігі бар адамдар жұмыс істейді. Кейіннен елордада да Мәулен Ахметов есімді студент Kunde деп аталатын тамақтану орталығын ашты. Бұл жерде жұмыс істейтіндер ақыл-есі кем, эпилепсия, депрессия, шизофрения секілді аурулармен ауыратындар. Сондай-ақ Нұр-сұлтанда Emoji кафе-барында тек мүмкіндігі шектеулі адамдар қызмет көрсетеді. Дәмханаға келушілермен қызмет көрсетушілер ыммен сөйлеседі. Яғни, әр үстелде кейбір ым-ишаралардың мысалдары бар кітап болады. Ал кейбіреулерінде есту аппараттары бар.

КӨЗҚАРАСТЫ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

Соңғы мәлімет бойынша, елімізде сал ауруымен ауыратын бала саны 94 мыңнан асады. Оның 17 мыңына «церебральды паралич» диагнозы қойылған. Он алты жасқа дейінгі балаларға 48 023 теңге жәрдемақы тағайындалған. Ал ересек мүмкіндігі шектеулі жандардың саны 600 мыңнан асады екен. Оның 43 мыңы – сал ауруымен ауыратындар. Сол жүйке жүйесі ауруына шалдыққандардың өзі үш топқа бөліп қарастырылады. «Мәселен, аяғын сілтіп басатындар үшінші топқа жатады. Ал түгел денесі қимылдамайды. Олар бірінші топқа кіргізіледі. Қазір бірінші топта – 8 377, екінші топта – 19 693, үшінші топта 14 927 адам бар. Мемлекет тарапынан мүгедектік бойынша бірінші топқа – 65 860, екінші топқа – 52 483, үшінші топқа 35 672 теңге беріледі. Сондай-ақ мүгедек жандарға әлеуметтік қызметкер, күтіп отырған адамдарға да жәрдемақы тағайындалады. Таяқша, балдақ, протездер, кремдер т.б оңалту техникалары беріледі. Жылына бір рет шипажайларға жібереміз. Сонымен бірге ересек адамдар емделетін оңалту орталықтары жұмыс істейді. Күндізгі бөлімдерге науқастар таңертең барып кешке дейін ем-домын алады. Бұл әр адамның денсаулығына байланысты», – дейді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қызметтерді дамыту саясаты департаменті директорының орынбасары Сырым Нәси.

Мемлекетімізде мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбек етуге қыстау болмайды, жұмыс істеуіне қарсылық та жоқ. Керісінше, жұмыс берушілермен бірге мүгедек жандарды жұмыспен қамту бойынша жұмыс атқарылып жатыр. Елдегі жалпы мүгедектігі бар адамдардың 423 мыңы – жұмыс жасындағы адамдар. Олардың тек 20 пайызы ғана жұмыспен қамтылған. Бұл әлемдік статистикаға сүйенсек, өте төмен көрсеткіш. Сол үшін министрлік тиісті еңбек бағдарламалары бойынша жұмыс істер жатыр екен. Сырым Нәсидің айтуынша, «Nur Otan» партиясымен бірге былтырдан бері ашылған «Тең қоғам» орталығы жұмыс істейді. Әзірге тоғыз өңірде жұмысын бастаған орталықтар алдағы уақытта барлық өңірде ашылатын болады. Бұл мүгедек жандарды әлеуметтендіріп, психологиялық көмек беруге мүмкіндік бермек. Бүгінде жұмыс берушілер мүгедек жандарға аяушылық көзбен қарайды. Сол үшін көбісі жұмысқа алуға асықпайды. Бұл көзқарасты өзгерту керек. Осылай деген министрлік маманы әр адам жұмыспен қамтылса, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндігі артатынын айтады.

Есірткі есті алып барады

Қазір интернет технологиялардың дамуына және синтетикалық есірткілерге сұраныстың тым артуына байланысты есірткі саудасы түрлене түсуде. Бұл бір жағынан есірткінің заңсыз айналымында жаңадан психобелсенді заттардың пайда болуымен де тығыз байланысты. Сауданың басым бөлігі интернет дүкендер, әлеуметтік желілер, киви-әмиян сияқты қосымшалар арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде аноним Telegram каналдар арқылы тарату қатты белең алып отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ



810-НАН АСТАМ САЙТ БҰҒАТТАЛДЫ

Осы орайда ішкі істер органдары интернет кеңістігіндегі құқыққа қайшы контенттерді бұғаттау мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Анықталған интернет ресурстарға серверден ішінара ағыту түрінде шаралар қолданылуда. Нәтижесінде, жүйе қолданушылары олардың қызметтеріне қол жеткізе алмай қалып, көптеген клиентінен айырылған мұндай «онлайн саудагерлердің» беделіне нұқсан келеді екен. Бұл мақсатта Ішкі істер министрлігі «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесін енгізген болатын. Бүгінде есірткіні тарату мақсатын көздейтін аккаунттар мен басқа да ресурстарды бұғаттау бойынша жұмыстар жалғасуда. Қазір олардың саны 810-нан астам сайтты құрайды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, былтырдан бастап елімізде есірткіні интернет арқылы тарату үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Енді Қылмыстық кодекске сәйкес, есірткіні жарнамалағаны және насихаттағаны үшін, соның ішінде граффити-суреттер мен QR кодтар арқылы жасағаны үшін қылмыстың жаңа құрамы енгізіліп, үш жылға дейін бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген. Егер осы қылмыстық топпен, бірнеше рет, білім ұйымдарында немесе адам көп жиналатын орындарда, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе электрондық ақпарат ресурстарын пайдаланып, қызметтік жағдайын пайдаланып жасалған болса, 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған. Сондай-ақ Электронды ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы есірткі өткізу 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. Электронды ресурстар арқылы есірткі қолдануға шақыру 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеледі. Аталған қылмыстар ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылған», – дейді ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма бастығы Бахытжан Әмірханов.

2020 жылы аталған баптар бойынша сотқа дейінгі 138 тергеу жүргізілген. Оның ішінде 106 қылмыстық іс есірткі жарнамасы фактісі бойынша, 32 қылмыстық іс интернет-ресурстарын қолдану арқылы есірткі өткізу (сату) фактісі тіркелген. Осы жылдың 7 айында есірткі жарнамасының 61 фактісі, интернет жүйесі арқылы есірткі өткізудің 56 фактісі тіркелді.

ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ – ЗАҢДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

2018 жылы есірткі нарығындағы жағымсыз өзгерістерге дер кезінде ден қою мақсатында Мемлекет басшысының қолдауымен жаңа психобелсенді заттарды бақылауға енгізу тетігін жеңілдететін нормалар қабылданған болатын. Соның арқасында Үкіметке есірткі тізімдерін және оларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестесін бекіту бойынша өкілеттіктер берілген еді. Оның тиімділігін шетелдік құқық қорғау органдары да, бейінді халықаралық ұйымдар да мойындап отыр.

«Содан бергі уақытта белгілі синтетикалық есірткілердің барлық топтарының 89 базалық құрылымы қосымша бақылауға енгізілді. Ал биыл Қазақстанда бақылауға жататын есірткі және прекурсорлардың тізімін тағы да 29 құрылыммен толықтыру жөнінде Үкімет қаулысының жобасы әзірленуде. Осындай жаңашылдықтар нәтижесінде, соңғы екі жылда ең қауіпті синтетикалық есірткілерді заңсыз айналымнан алу көлемі 50 есе артты. Мәселен, 2018 жылы айналымнан 1,8 келі есірткі алынған болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 100 келіні құрады.

Соңғы жылдары біз алғаш рет есірткі өндіретін астыртын есірткі зертханаларының ауқымды желісіне тап болып отырмыз. Ресейлік әріптестеріміздің көмегімен бұған дейін Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында ең ірі есірткі өндірісін жолға қойған трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топты құрықтадық. Бұл жұмыстар биыл да жалғасуда. Мәселен, Қарағанды облысында трансұлттық ҰҚТ қызметінің жолы кесілді. Ресейлік әріптестерімен бірлесіп Алматы қаласында «мефедронды» жеткізу арнасына тосқауыл қойдық. Жыл басынан бергі 7 айда 11 есірткі зертханасы жойылды», – дейді полиция полковнигі Бахытжан Кәдірбекұлы.

Жалпы статистика бойынша, 2021 жылдың 7 айында есірткі қылмыстарын тіркеуде оң серпін байқалады. Мәселен, жыл басынан бері 4 614 есірткі құқықбұзушылығы тіркелген. 2020 жылы бұл көрсеткіш 4 222 дерек болатын. Оның ішінде 1 510 есірткі қылмысы (2020 жылы – 1 334 дерек): өткізу фактісі – 920 (2020 жылы – 856), аса ірі көлемде есірткі сақтаудың 247 дерегі (2020 жылы – 178) тіркелді. Есірткі бизнесі саласындағы 8 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылды (2020 жылы – 3), олардың көшбасшылары мен қатысушыларына қатысты 14 қылмыстық іс қозғалды. Есірткі құралдарын пайдалануға арналған притон ұйымдастыру және ұстаудың 7 фактісінің жолы кесілді. Контрабанданың 70 фактісі анықталды. Есірткі кірістерін заңдастыру фактісі бойынша 1 қылмыстық іс қозғалды. Заңсыз айналымнан 21 тоннадан астам есірткі тәркіленген. Оның ішінде 5,5 тонна марихуана, 300 келіге жуық гашиш, 4 келіден аса героин және 60 келіден артық синтетикалық есірткі бар. Басқарма бастығының айтуынша, өткен 7 айда синтетикалық есірткінің заңсыз айналымына қатысты 741 құқықбұзушылық тіркелген. Оның 251-і өткізу, 62-сі сақтау, 1-уі контрабанда, 66-сы насихаттау және 361-і теріс қылық дерегі.

НАШАҚОРЛЫҚ ЖАСАРЫП КЕЛЕДІ

Мамандардың айтуынша, есірткі әлеуметтік топ талғамайды екен. Сондықтан да ақшасы көп адам, есірткіні ұзақ және көп тұтынып жүре алады деген тұжырым – қате. Тәуелділікке түскен адам үшін ақша маңызды емес. Ол оны қайтсе де табуға тырысады. Бұл жердегі ең бірінші фактор – денсаулық. Егер синтетикалық есірткі туралы айтар болсақ, ол ең бірінші кезекте адамның орталық жүйке жүйесін бұзады. Конгнитивті ауытқулар болады. Параноя, галлюцинация, ұмытшақтық басталады. Сондықтан ондай есірткіні ұзақ уақыт тұтынып жүру мүмкін емес. Ал уақытында емделмесе, оның соңы қайғылы аяқталуы мүмкін.

«Егер статистикаға қарайтын болсақ, 2017 жыл мен 2021 жылды салыстырып көрелік, бұрын бізге 18 жастан жоғары адамдар хабарласатын. Мәселен, нашақорлардың орташа жасы 25-40 жас аралығында еді. Ал қазір кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер де осы санатқа еніп бара жатыр. Олардың арасында 15-16 жастағы балаларға дейін бар. Сондықтан да нашақорлық жасарып бара жатыр деп сеніммен айта аламын. Бізді алаңдататыны – осы. Мұның барлығы интернет дүкендердің пайда болуымен, есептесудің оңайлығымен, соған сәйкес есірткі заттарының өте оңай қолжетімді болып кетуімен байланысты. Ал мұндағы байланысты қадағалап отырудың қиындығы бұл мәселені тіпті ушықтыра түсті», – дейді «Ренессанс» оңалту орталығының клиникалық психологі Карнелия Йоффе.

Мұндай қадамға барудың бір себебі – ортаға байланысты екен. Айналаңда араласатын адамдардың бірі осындай құмар әдетке үйір болса, ол қасына екінші біреуді тартуы мүмкін. Сондықтан балаларыңыздың араласатын ортасына мұқият қарағаныңыз жөн. Өзіңіз де өмір салты күдікті топқа жоламағаныңыз абзал. Екінші себебі – психологиялық фактор. Адам есірткіні қабылдағанда оны өзінің көңіліндегі ішкі бос қуысты толтыру үшін жасайды екен. Бұл оның мінезіндегі кемшілігі немесе өкініші болуы мүмкін. Қызығушылықтан барған күнде де, ол осы бос қуысты толтыруға жатады. Яғни, сау кезінде ала алмаған қажеттілігін, ол масаң күйде алады. Әлде сау кезінде шығара алмаған мінезін, ол мас кезінде жақсы жеткізеді. Оған осындай күй жетіспейді деген сөз. Бірақ мұның барлығы да өткінші екенін, есірткі, психотропты заттар мен прекурсорлардың қандай күйде де, қандай көлемде де аса зиян екенін үнемі есте ұстаған дұрыс. Оларды пайдалану, тасымалдау, өткізу, болмаса одан да өзге мақсатта қолдану заңмен реттеледі және қудаланады.

Көшелі елдің көшеті құрамауы қажет

Үкімет Президенттің тапсырмасы бойынша 5 жыл ішінде елде 2 миллиард түп ағаш егуі тиіс. Экология министрлігі аймақ басшыларымен тізе қоса отырып, әр өңірде қанша ағаш егілетінін нақты анықтап, іске кірісіп те кетті. Алайда бұл ғаламат ізгі бастама қоғамды қуанышқа бөлей алмады, тіпті назардан тыс қалғандай. Оның орнына биылғы жаз бойы халық өсіп тұрған ағаштардың аянышты халіне алаңдаумен болды.

Елдос СЕНБАЙ

ЖАП-ЖАҚСЫ ЖОБАНЫ ШАБАН ҚАРҚЫН ҚҰРТАДЫ

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі соңғы Жолдауында Үкіметке 5 жылда мемлекеттік орман қорында – 2 миллиард, ал елді мекендерде 15 миллион ағаш егуді жүктеді. Бұл елімізді көгалдандыру және орманданду ауқымын күрт кеңейтуге септігін тигізуі тиіс. Яғни, республиканы кең ауқымда жасыл желекке бөлеу бойынша тарихи науқан қолға алынды.

QazEcoTech Ltd ЖШС бас директоры Ұлықбек Сұлтанның дерегінше, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі облыс әкімдіктерімен бірге осы бағытта тиісті жұмыстарды жүргізіп отыр.

«Олар әрбір өңір бөлінісінде ағаш отырғызу көлемдерін анықтап та қойды. Нақтылай кетсек, әкімдіктердің табиғат қорғау және орман қорғау мекемелерінің күшімен бастапқы кезеңде жалпы ауданы 464 мың гектарды құрайтын территорияда 1,1 миллиард түп ағаш егу жүзеге асырылады. Жаңа орманның ең көп көлемі Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының жерінде отырғызылмақ. Бұл ретте ағаштардың үлкен бөлігін сексеуіл құрайтын болады. Ол негізінен Арал теңізінің құрғап қалған түбінде егіледі. Қазақстанның орталық өңірлерінің басым көпшілігінде қарағай, шырша, аққайың секілді орман түзуші ағаш түрлері егіледі», – деді сарапшы.

Бұл ақпаратты Экология вице-министрі Әлия Шалабекова растады.

«Республиканың орманданудың арттыру және елді мекендерді жасылдандыру мәселелері өте өзекті. Сол себепті оған Президент Қ.Тоқаев өз Жолдауында мән берді. Мемлекет басшысының орман алқабында – 2 миллиард, ал елді мекендерде 15 миллион ағаш егу тапсырмасы тиімді іске асса, бұл шара елдегі экологиялық ахуалды айтарлықтай жақсартады», – деген ол ведомстволық әртүрлі орман өсіру жобаларын зерделеп жатқанын жеткізді.

Маусым айының басындағы жағдай бойынша 21,6 мың гектар биылға жоспарланған 129,7 миллион көшеттің 82 миллионға жуығы отырғызылыпты. Қалғаны негізінен күзде егіледі деген жоспар бар.

Қалай болғанда, осы 130 миллиондай көшет жайқалып өсіп кеткеннің өзінде 2 миллиардтық жоспардың небәрі 6,48%-ы ғана орындалмақ. Мұндай қарқынмен экология ведомствосы мен әкімдердің екі миллиардтық межені 5 жылда еңсеруі неғайбіл.

ЖЕРСІНБЕЙТІН АҒАШТЫ ЕГЕ БЕРУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Әйтсе де, қазір қолданыстағы орман алқаптарын және елді мекендердегі өсіп тұрған жасыл желекті сақтап қалу күн тәртібінде «күйіп» тұр. Бұған да Мемлекет басшысы мән-маңыз беріп отыр: кеше, 23 тамызда ең ірі мегаполисімізге жұмыс сапары аясында Алматы әкімінің қаланы абаттандыруға бағытталған жобаларымен танысқан және есебін тыңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев «барлық жобалар қалада қауіпсіз орта қалыптастырып, шаһардағы өсімдіктер қорын сақтап қалуға бағыталуы қажет» екенін атап өтті.

Әйтпесе, осы жазда Алматыда өткен жылғы қарашада отырғызылған ағаштардың қурап қалуына қатысты шу шықты. Былтырғы күзде еліміздегі ең ірі қаланың көшелерінде 65 мыңдай көшет егілген болатын. Көп уақыт өтпей жатып, оның жартысынан астамы құрыды. Жергілікті тұрғындар өсімдіктерді ешкім суармағанын айтады. Қалалық әкімдіктің Жасыл экономика басқармасы бұл мәліметті жоққа шығарып, ағаштардың кесте бойынша – аптасына бір рет суарылатынын алға тартты. Ал «өлген» көшеттер орнына жаңалары егілмек.

«Алдағы күзгі кезеңде ол көшеттерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Мердігер «компенсациялық отырғызу» бойынша міндеттеме алған. Қураған ағаштар жаз бойы тұрды, егер жаңа көшеттерді жазда ексек, олар да қурап қалатын еді. Себебі жасыл желектердің вегетациялық кезеңі көктемде басталып кетеді», – деп түсініктеме берді ақпарат құралдарына Жасыл экономика басқармасының бас маманы Нұркен Ақмырза.

Бүгінде ең ірі мегаполисімізде шамамен 2 миллиондай ағаш бар. Басқаша айтқанда, бір алматылық тұрғынға бір ағаштан да келмейді. Оның үстіне, әкімдік уәде етіп отырған жаңа «компенсациялық» көшеттердің желек жайып кетеріне еш кепілдік жоқ.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың мәліметінше, алдағы күзде Алматыда жалпы 300 мың көшет егу жоспарланған. Биыл мегаполис жерсіну деңгейі төмен, ал аурушаңдығы жоғары болғандықтан, жөке, катальпа, бозаршадан бас тартқан. Енді будандастырылған ағаштардың, атап айтқанда «Қазақстандық» деп аталатын, ұшатын ақ ұлпалары жоқ теректің, қарағаштың пайдасына таңдау жасалуда.

«ӨЛГЕН» КӨШЕТТЕРГЕ БӨЛЕНГЕН ҚАЛАЛАР

Әлгінде жаңа көшеттердің ең көп көлемі Түркістан облысына тиесілі екені айтылды. Мысалы, 28 гектарды алып жатқан түркістандық дендропарктің аумағында 12 мың түрлі жеміс ағашы мен көпжылғы өсімдік егілді. Құрылысын «Қазақстанның Даму Банкі» мемлекеттік банкі қаржыландырған, жалпы құны 87 миллиард теңге тұратын «Керуен Сарай» жаңа көпфункционалды туристік кешені аумағында 50 гектардай жер абаттандырылған.

Алайда жақында әлеуметтік желі «Керуен Сарайдағы» ағаштардың қурап қалғанын айғақтайтын фотосуреттер мен бейнежазбаларға толып кетті. Әкімқаралар бар айыпты алдымен табиғатқа жапты: ағаштар жергілікті климатқа шыдамаған-мыс. Содан кейін бар жауапкершілікті мердігерге қарай сырғытты: ағаштардың жетіліп, тамыр жайып кетпеуіне олардың мерзімінен ерте және дұрыс отырғызылмауы себеп болыпты. Бұған шенеуніктердің «Керуен Сарайды» ашуды асықтыруы да себеп болса керек.

Кешенді салған түріктің Sembol Construction алпауыт құрылыс корпорациясының Eco Life компаниясының өкілдері өз қателіктерін журналистер алдында мойындады. Компанияның бас менеджерінің айтуынша, мердігер кешенді ашуға асыққан және көшеттерді ережеге қайшы отырғызған. Соның кесірінен қурап қалған аса қымбат шынар, сакура көшеттерін тамырымен қазып алып, лақтырып тастауға тура келген. Мердігер күзде олардың орнына Түркістанның аптап ыстығына төзімді басқа ағаштарды екпек. Mnews.kz хабарлауынша, олар да Түркиядан әкелінбек. Сонша жарнамаланған сарайда қанша ағаштың қурап қалғаны, одан қанша шығын келгені жарияланбады.

Осының алдында Түркістан облысын жасылдандырудағы олқылықтарға және осы мақсатта бөлінген қыруар қаражаттың ұтымды жұмсалмауына қатысты жергілікті мәслихат депутаттары алаңдаушылық білдірген-тін. Олар ел қаржысына егілген көшеттер «түркі әлемінің алтын бесігінің» ажарын ашып, келбетін көркейту орнына, қураған кейпімен көңілсіз көрініс тудыратынына қынжылды.

Әділін айта кету керек, ағаштар осы жазда елордада да қурап жатты. «Жаппай қураған көшеттер мен ағаштар бас қаланың көшелері мен парктерін аралаған жанның көңіліне кірбің түсіреді. Бейне бір мерзімінен бұрын күз түскен сияқты. Шыршалар тат басып кеткендей үрейлі түске боялды. «Қазақ елі» монументінің артындағы «Мыңжылдықтар аллеясы» өз атына лайық емес: көшеттер мың жыл түгіл, бір жыл тұрмады. Әкім мырза, ағаштарға назар аударыңыз!» – деп қиыла жазды астаналықтар әлеуметтік желіде.

Осыдан ой туады: жаңадан 2 миллиард түп көшет егуге астатөк бюджет қаражатын шығындамас бұрын, егілген ағаштарға күтім жасауды үйренбейміз бе?

МҮГЕДЕК ҚАЙТІП КҮН КӨРЕР?

2015 жылы Қазақстан мүгедектердің құқығы туралы конвенцияны ратификациялаған болатын. Оның талаптарына сәйкес, жарымжан жандар үшін барлық ғимарат пен көлік қолжетімді болуы тиіс. Шын мәнінде солай ма? Солтүстік Қазақстан облысындағы жағдайға үңіліп көрдік.

Мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін жасау – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. 2012-2018 жылдар аралығында елімізде мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі үш кезеңдік іс-шаралар жоспары іске асырылды. 2019 жылы осы мақсатты діттеген Ұлттық жоспар қабылданды. Оның бағыттарының бірі – кешенді қолжетімділік пен кедергісіз орта, яғни ғимараттардың баршаға ыңғайлылығы. «Nur Otan» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы осы мақсатқа бағытталған.

Бірақ көріп отырғанымыздай, шын мәнісінде бұл ретте назар аударатын түйткіл жетерлік. Солтүстік Қазақстан облысында мүгедектердің еркін жүріп-тұруына барлық жағдай жасалған деп айту қиын. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы жанынан құрылған қоғамдық-партиялық мониторинг тобы мүшелері әлеуметтік маңызды нысандардың қолжетімділігін бағалау барысында осыған әрдайым көз жеткізіп жүр. Мониторинг тобының жетекшісі, партия филиалы саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі Гүлнар Халықованың айтуынша, әсіресе халыққа қызмет көрсететін дүкен, дәріхана, сауда үйі, базар, кинотеатр, мұражай, қоғамдық тамақтану орындарында кемшілік көп. «Көптеген ұйымдардың басшылары, шағын және орта бизнес субъектілері пандус пен шақыру қоңырауы болса болды деп ойлайды. Сол пандустарының өздері көп жағдайда талапқа сай емес. Көлбеу бұрышы ақылға қонымсыз. Нормативке сәйкес пандустың бойлық еңісі 5 пайыздан аспауы тиіс, тар жерлерде 8 пайыз болуы мүмкін. Біз зерттеген нысандардың көбінде бұл көрсеткіш 12 пайыздан астам, кей жерлерде 20-40 пайызға дейін жетеді. Нағыз ұшу алаңы ма дерсіз. Мұндай пандусқа мінудің өзі машақат. Тұтқасы жоқ пандустар бар. Шақыру қоңыраулары барлық нысандарға орнатылмаған, яғни қоларбамен келген мүгедек адам көмекке адам да шақыра алмайды деген сөз. Мұндайда шыны есікке орнатылуы тиіс ескерту белгілері, Брайль жүйесі бойынша бедерлі-нүктелі шрифтпен жасалған маңдайшалар, ақпараттық табло, тактильді бағыттағыштар, ыңғайлы тұтқалар, дыбыстық ескертулер, бейімделген дәретханалар туралы сөз қозғаудың өзі артық», - дейді Гүлнәр Өміржанқызы.

Мәселен, заңдылықтың сақталуын қадағалауға тиісті аудандық прокуратуралардың өздері заңды бұзып отырғанын төрт жыл қатарынан жүргізілген мониторинг көрсетіп берген. Атап айтқанда, Есіл аудандық прокуратурасы мүгедектер үшін мүлдем қолжетімсіз: пандустың көлбеу бұрышы – 20 пайыз, тұтқасы атымен жоқ, есіктері тар, қоларба сыятын жол жоқ, табалдырықтары биік, шақырту түймешесі тым жоғарыда орналасқан. Қызылжар аудандық прокуратурасында шақырту қоңырауы, екінші тұтқалары мүлдем жоқ. Мұнда да жоғарыда аталған кемшіліктер байқалады. Басқа аудандардың прокуратурасындағы жағдай да осыған ұқсас. Аудандық соттардағы жағдай да аса мәз емес. Сот ғимараттары мүгедектерге бейімделмеген, пандустары нормативтен алшақ, сот отырысы залдары екінші қабатта орналасқан, оған қоларбамен көтерілу мүмкін емес екені түсінікті, қос есік орнатылған ғимараттар бар.

Денсаулығы дімкәс мүгедектер жиі баратын денсаулық сақтау нысандарының өздері олар үшін қолжетімді емес. Мониторинг тобы жетекшісі бұл ретте оң өзгерістер бар болғанымен, шешімін күткен мәселелер әлі де жетерлік екеніне тоқталды. Атап айтқанда, мұнда да пандустар ескертуден соң қайта жасалғанымен, басым бөлігі әлі де сын көтермейді, көтергіштер жоқ.

Білім беру нысандарын жөндеуге жылда қыруар қаржы бөлінгенімен, олардың қолжетімділігі мәселесі назардан тыс қалып келеді. Нәтижесінде, білім беру нысандары басшылары өз күштерімен қисық пандустар орнататын көрінеді. «Бөлінген қаржы мақсатты жұмсалуы тиіс екенін түсінеміз. Дегенмен «Сұрамаған балаға емшек жоқ» дегендей, 2012 жылдан бері ғимаратты бейімдеуге қаржы сұрауға болушы еді ғой», – деп налыды Гүлнәр Өміржанқызы. Мектептердің басшылығы мұнда мүгедек балалардың келмейтінін алға тартатын көрінеді. Дүкен, дәріхана иелері де осындай сылтау айтатынды шығарыпты.

Бәлкім, ғимаратқа бәрібір кіре алмайтынын білгендіктен бармайтын шығар? Бұл туралы ойланған адам жоқ сияқты. Ал бала кезінен сал ауырына ұшыраған Айсұлу жүріп-тұруы қиын болғандықтан көп ғимараттарды айналып өтетінін жасырмады.

> *«Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңның 25-бабына сәйкес кәсіпкерлер мүгедектердің кедергісіз жүріп-тұруына жағдай жасауға міндетті. Өкінішке қарай, шағын және орта бизнес өкілдері бұл талапты орындамай отыр. Ал мониторинг тобының ұсыныстарына бәзбіреулер, тіпті пысқырмайтын да көрінеді. Бірнеше жылдан бері мониторинг жүргізіліп келе жатқанымен, көп жерлерде «Баяғы жартас – бір жартас».*

«Көп жағдайда барғым келген жерлерге барудан бас тартуға мәжбүр боламын. Өйткені өздігімнен кіре алмаймын. Ал біреудің көмегіне жүгіне бергім келмейді», – деп күмілжіді ол.

ЕСКЕРТУЛЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛАДЫ

«Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңның 25-бабына сәйкес кәсіпкерлер мүгедектердің кедергісіз жүріп-тұруына жағдай жасауға міндетті. Өкінішке қарай, шағын және орта бизнес өкілдері бұл талапты орындамай отыр. Ал мониторинг тобының ұсыныстарына бәзбіреулер, тіпті пысқырмайтын да көрінеді. Бірнеше жылдан бері мониторинг жүргізіліп келе жатқанымен, көп жерлерде «Баяғы жартас – бір жартас».

«Кейбіреулер біздің ұсыныстарымызға түсіністік танытып, кемшіліктерін жоюға тырысса, көп жағдайда ескертулер елеусіз қалады. Прокуратура, сот сияқты мекемелерде кадрлар ротациясы болып тұратындықтан, жаңа келген мамандар көбінесе біздің ескертулерімізден хабарсыз болып шығады. Жаңадан келген маманға қайтадан басынан бастап барлығын тәптіштеп түсіндіруге мәжбүр боламыз. Мониторинг тобының келгенін жақтырмай, шу шығаратындар қаншама?! Бізді барлығы жарқын жүзбен қарсы алады деп айта алмаймын», – деді Гүлнар Халықова. Сондықтан ол «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, үкіметтік емес ұйымдар, қала және аудандар басшылығы шағын және орта бизнес өкілдерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, артықтық етпейді деген ұсынысын білдірді.

Дегенмен мониторинг тобының жұмысы өз нәтижесін беріп те жүр. Мәселен, «Қазпошта» АҚ басшылығымен ұзаққа созылған келіссөздерден кейін аудандық филиалдардың көпшілігіне көтергіш құрылғылар орнатылып, есіктері кеңейтіліпті. Бірақ жұмыс істемейтін көтергіштер орнатылып, көзбояушылыққа да жол берілген. Кей филиалдарда ештеңе өзгермеген, операция залына кіру мүмкін емес. Мұндайда айыппұл салғаннан басқа амал жоқ.

Тек әлеуметтік нысандар ғана емес, көпқабатты үйлердің құрылысы барысында да мүгедектердің жағдайы ескерілсе деген тілек бар. Өйткені қоларбамен подъезге кірген олар бірінші қабатқа көтеріле алмай қиналады. Көтергіштер орнатылса, оның жұмысын кім реттейді? Өз шешімін күткен түйткіл көп.

«XXII-XIX ғасырларда салынған Эйфель мұнарасы, Нотр Дам де Пари, Капитолий сияқты әлемдік архитектура ескерткіштері қолжетімділіктің жарқын мысалы бола алады. Неліктен кеңес заманында ғимараттарды бейімдеу қолымыздан келмей отыр? Мүмкін емес нәрсе жоқ. Шындап қолға алсақ, барлығын да бейімдеуге боларды деп ойлаймын», – деді Гүлнар Өміржанқызы.

ӨРКЕНИЕТТІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Қоғамның мүгедектерге көзқарасынан оның өркениеттілік деңгейін аңғаруға болады. Біз өркениетті қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, мүгедектерге кедергісіз орта қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі. Ерекше қажеттіліктері бар адамдар да басқалар сияқты оқу оқып, жұмыс істеп, дүкен аралап, мәдени нысандарға барып, өмірдің бар қызығын толығынан кешкісі келетінін түсінгеніміз жөн. Сол үшін оларға барлығымыз жағдай жасауға тырысқанымыз артықтық етпейді. Көбінесе олар ғимаратқа кіру түгіл қоларбамен көшеде жүруге де қиналып қалатыны жасырын емес. Қоғам белсендісі Роман Чудиновтің айтуынша, облыстық балалар стоматологиясының пандусы екі жерден сым тізбекпен құлыпталыпты. Мұның себебін тіркеу орнынан сұрағанымызда «Мұнда тұрған ештеңе жоқ. Сымды ілгектен алып тастап кіре беруіне болады» деген жауап алдық. «Бұл қоларбамен келген мүгедектің қолынан келмейді. Астыңғы сымнан өтті делік. Ал пандустың биігіне шығып, қай жерден ұстанбақ? Қалайша екінші ілмекті шешпек? Міне, біздің қаламыздағы қолжетімділіктің сиқы осындай», – деп Роман Чудинов ренішін жасырмады. Қоғам белсендісімен бірге мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыру филиалының ғимаратына барғанымызда да көптеген кемшіліктер бар екеніне куә болдық. «Ақ отау, аузымұрны жоқ отау» дегендей, тіпті мекеменің аты жазылған маңдайша да жоқ. Дәретханасы бейімделмеген, тактильді бағыттағыштар, шыны есіктердегі сары дөңгелектер жоқ. Мекеме басшылығы бұл мақсатқа елордадағы бас мекеме қаржы бөлмегенін, ғимаратты жалға алғандарын айтып ақталды.

Облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, 2021-2025 жылдар аралығында облыста 1 295 нысанды қолжетімділік нормаларына сәйкестендіріп, бейімдеу жоспарланған. Соның 259-ы биыл ретке келтірілмек.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

«Бәйтерек» тұрғындары мектепке зәру

Осыдан он шақты жыл бұрын тұрғын үй салу үшін жер кезегіндегі азаматтарға Қызылорда қаласынан инфрақұрылымы тартылған жер үлестіріліп, «Бәйтерек» атты жаңа шағынаудан пайда болды. Сонымен қатар осы ауданға «Өтемұратов» қайырымдылық қоры арқылы 100 үй тұрғызылып, пәтер кезегінде тұрған көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты аналарға уақытша пайдалануға берілген.

Бүгінде саны артқан жаңа ауданға қоныстанушылар мектеп пен қоғамдық көліктің қиындығын тартудай-ақ тартып келеді. Айтуларынша, 2020 жылдың маусым айында басталған нысанның аяқталар түрі көрінбейді. Құрылысы 6 ай жүргізіліп, 6 ай қаңтарылып қалған. Кей отбасылар, тіпті жер телімін алып, үй салғандардың басым бөлігі енді білім ордасының жоғынан көшіп келе алмай отыр. Шеткі аймақтың оқушылары қала мектептерінде оқып жүр. Ал Құрылыс басқармасының мамандары қаражаттың толық бөлінбеуінен білім ошағының биыл да бітпейтінін мәлімдеді. Енді балаларын алысқа тасымалдап әбігер болған тұрғындар құрылыстың созбалаңға салынғанына наразылық білдірді.

– Пәлендей жылжып жатқан дүние көргенім жоқ. Өйткені осы жерге кірпішті әкеліп жатады, бір қарасаң тиеп алып бара жатады. Көше бетке қарағанда бірінші қабаты біткен тәрізді, бірақ арғы жағында қабырға әлі тұрған жоқ, – дейді тұрғын Әбдуәли Қожамжар.

Шағынауданның басым бөлігі көпбалалы отбасылар болғандықтан олар мектеп жасындағы балаларына қала орталығындағы мектепке жету үшін арнайы көлік жалдауға мәжбүр. Биыл оқу жылы қайта дәстүрлі болады дегенді естіген олар «ең болмаса, қоғамдық көлікке қол жеткізсек» дейді.

– Ақылы мектептің балаларымызды қатынататын көлігі бар. Оның ақысы бала басына 7 мың теңге. Бір үйде 4-5 бала бар. Біреудің қалтасы көтереді, ал кей оқушылар жолпұл таппай қиналып отыр. Сол себептен біздер қалалық әкімдікке қайта-қайта барып, тұрғындар атынан арыз жазғанымызбен әзірге нәтиже жоқ, – дейді Жұлдыз Байдраманова.

Құрылысы басталған білім ордасы 600 оқушыға арналған. Бұрын қаланың меншігінде болған нысан облыстық басқарманың жауапкершілігіне өтіпті. Ал ондағылар жаңа мектеп келер жылы ғана пайдалануға беріледі дегенді айтады.

– Мектеп құрылысына осы жылға 386 млн теңге қаржы бөлінді. Негізінен бұл нысанның нормативтік құрылыс ұзақтығы – 18 ай. Былтыр 6 ай құрылыс жұмыстары жүргізілген. Келер жылғы құрылысына 270 млн теңге қарастырылып отыр. Білім ордасының құрылысы 2022 жылы аяқталады деп жоспарланған, – дейді облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов.

Жаңа ауданда қазір 5 мыңға жуық отбасы қоныстанған. Жер телімдері табысталған уақытта екі көшесіне асфальт төселіп, жарықтандырылған болатын. Жергілікті билік жыл өткен сайын шағынауданның ажары кіріп, әлеуеті артады деп сендіргенімен, әзірге уәде күйінде ғана қалып тұр.

Ерқанат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
Қызылорда облысы

Вакцина құжатын 20 мың теңгеден сатқан

Өскеменде жалған вакцина құжатын әзірлеп, сатумен айналысқан 5 адам ұсталды. Облыстық Полиция департаментінің таратқан мәліметтеріне сүйенсек, бесеудің екеуі – дәрігер, үшеуі – азаматтық тұлға. Олар қаладағы емханалардың бірінде азаматтарға медициналық құжат дайындаған.

Ол үшін 20 мың теңге алып отырған. Ал жалған құжатты қалтасына басып, жалғанды жалпағынан басып жүрген тұрғындарға, тіпті медициналық мекемеге барудың қажеті де болмаған. Делдалдардың әрқайсысы өзіне 2-3 мың теңгеден қалдырып, ақшаның негізгі бөлігін дәрігерлерге жіберген. Қазір осы іске қатысты тергеу шаралары жүргізіліп жатыр. Осындай оғаш әрекетке барған медицина қызметкерлері тек 20 азаматқа ғана жалған вакцина құжатын жасап бергенін мойындаған. Алайда құқық қорғау саласының мамандары бұл көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін екенін айтады. «ҚР ҚК-нің 385-бабы бойынша жүзеге асырылатын сотқа дейінгі тергеу шеңберінде медицина қызметкерлерінің және оларға көмек көрсеткен тұлғалардың іс-әрекеттеріне тиісті процессуалды баға берілетін болады. Қазір тергеу амалдары жалғасуда, вакцинация паспортының мәліметтерін осындай жалған және заңсыз жолмен алған барлық азаматтар анықталып, олардан жауап алынып жатыр», – дейді облыстық Полиция департаменті бастығының орынбасары Талғат Шаяхметов.

А.ӘБІЛ,
Өскемен қаласы

Битбокстан әлем чемпионы атанды

Орал тұрғыны 21 жастағы Эльдар Ғабдуллин битбокстан АҚШ-та өткен жарыста әлем чемпионы атанды.

Әлем чемпионатының барлық үш кезеңі онлайн режимде өткен. Эльдар финалға ұсынған шығармасын бірнеше рет қайталап жазуға мәжбүр болған. Өйткені оған желідегі проблемалар себеп болған. Бірақ бұл жас талантқа кедергі келтірмеген екен. Осылайша, ол бірінші орын үшін 500 доллар ақшалай сыйлық пен келесі чемпионаттарда қатысушыларды бағалау мүмкіндігіне ие болды.

Эльдар битбоксты YouTube көмегімен 2015 жылдан бастап үйренген. Алғашқыда ата-анасы қарсы болған. Кейінірек балаларының өнеріне қолдау көрсетіп, рұқсатын берген.

«Менің музыкалық білімім жоқ. Бала кезімнен бір нәрсемен айналысқым келді. Бимен, вокалмен айналыстым. Бірақ басқа дүниені қалайтынымды түсіндім. Кейін ойламаған жерден YouTube-тағы битбоксшылар видеосына тап болдым. Ол кезде бұл салада Қазақстанда ешкім жоқ еді. Мен осы салада бірінші болуды ойладым. Осы ой маған мотивация берді», – деген екен Эльдар сұхбатының бірінде.

Қазір ол студент. Мамандығы – ағылшын тілі мұғалімі. Сондай-ақ ол оқу орталығында сабақ береді.

А. ЖОЛДАС

Айдар Қадырхан қола алды

Қазақстандық боксшы Айдар Қадырхан бокстан Дубайда (БАӘ) Жастар және жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында екінші сайысын өткізді.

Қадырхан 48 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі жасөспірімдер турнирінің (2005-2006 жылдар) жартылай финалында үндістандық Рохит Чамолимен кездесіп, судьялардың шешімімен жеңіліп қалды. Осылайша, Айдар Қадырхан жасөспірімдер біріншілігінің финалына шыға алмай, қола жүлдеге ие болды. Айта кетейік, турнирдің алғашқы күндері Қадырхан өзбекстандық Абдурасул Абдурасуловты жеңген еді. Дубайда жасөспірімдер турнирімен қоса жастар арасындағы жарыс та өтіп жатыр. Мұнда да қазақстандық спортшылар барлық салмақ дәрежесінде бәсекеге түседі.

А. ЖАНАСЫЛ

Теннисшілер турнирде бақ сынайды

Елордада 19-26 қыркүйек аралығында Astana Open ATP 250 турнирі өтеді. Жарыс қарсаңында федерация қатысушылардың алдын ала тізімін жариялады.

Қазақстан теннис федерациясының баспасөз қызметі мәлімдегендей, аталған турнирде рейтингілері жоғары, белгілі ойыншылар бақ сынайды. Айталық, әлемнің 19-ракеткасы, чилилік Кристиан Гарин, рейтингте 24-сатыдағы ресейлік Аслан Карацев, сондай-ақ сербиялықтар Филипп Крайнович пен Душан Лайович бар. Өткен жылғы Astana Open чемпионы, австралиялық Джон Мильман, франциялық Бенуа Пер, италиялық Лоренцо Музетти, американдық Маккензи Макдональд және басқалар елордаға ат басын бұрады.

Қазақстан атынан әлемнің 37-ракеткасы Александр Бубликтен басқа Михаил Кукушкин, Андрей Голубев, Александр Недовесовтерге қоса жас теннисшілер өнер көрсетеді.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Пара берудің түрі АУЫСЫП БАРА МА?

Еркеұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (коллаж)

«Адамнан айла аспайды» дегенді білуші едік. Осы күні ойындағысын іске асыру үшін пара бергісі келгеннен де, пара алғысы келетін ақжағалылардан да айла аспайтын болды. Бұрын көбіне жұрт параны тек ақшалай беретінін білетін. Соңғы кездері өзгеше жолын тауып, заттай беретін әдет шықты. Енді жемқорлардың жемсауы автокөліктен бастап, ұсақ мал, балық, мүлік, тіпті сиырдың тезегімен де толығатын болды. Бірақ пара берудің түрі ауысты екен деп, оның жазасы жеңілдей ме?

Мадияр ТӨЛЕУ

ТЕЗЕККЕ МҰҚТАЖ ӘКІМ ДЕ БАР

Соңғы бесжылдықта шендіқараларда осындай бір ерекше үрдіс шықты. Ауызбастырыққа ақша алмай, заттай мүлік сұрайды. Шамасы, ақша болмаса, заттай алғаным пара болмайды деп ойласа керек. Бірақ параның өзі түрлендесе де, тегі сол қалпында қалатынын білсе керек. Шенеуніктің алдына біреу бір мақсатпен келеді, ол мақсаты іске асуы үшін ақша бере ме, не үйіне азық-түлік апарып бере ме, бәрібір пара санатына жатқызылады. Қой немесе ұсақ малды қойшы, бұқтырылған ет, қап-қап сиырдың тезегі дейсіз бе, біздің жемқорлардың араны зат талғамайтындай. Кез келген зат берем десең де қолыңды қайтармайды.

2019 жылы Рудный қалалық құрылыс бөлімінің басшысы тендерді құны 10 миллионнан асатын қымбат автокөлікке айырбастаған. Ал Шығыс Қазақстанда полиция бөлімінің бастығы ұрлардың артын жабамын деп ауызбастырыққа балық сұраған екен. Ал Ақмола облысындағы аудан әкімдерінің бірі жерді жалға алу мерзімін ұзартқаны үшін ұсталып еді. 3 ірі қара мал мен екі жылқы әкімнің тақиясына тар келіп, 650 мың теңге қоса сұраған көрінеді. Бұдан бөлек, Ақсай ауылдық округінің әкімі қайбір жылдары сиырдың тезегін пара ретінде алып, елге масқара болғаны есімізде. 2015 жылы Семейдегі әскери мектептің директоры пара ретінде бірнеше банкі бұқтырылған ет алған. 2014 жылы Атырау облысындағы шенділердің бірі сыйақыға 150 литр жанармайдың талонын алып, жазаға тартылған. Параны бар болғаны ұсақ затпен алды екен деп жазадан сытылып кетіп жатқандары жоқ. 2017 жылы Семейде параны етпен алған білім бөлімі басшысының орынбасарына сот үкімі шыққан еді. 54 жастағы Сара Елеусізоваға сот 9 миллион теңге айыппұл салып, бостандыққа жіберген еді. Мұнымен қоймай, жеке мүлкінің бәрі тәркіленіп, өмір бойы мемлекеттік қызметтен аластатылған болатын. Оқиға былай болған. Елеусізова бір балабақша есепшісінің 9 айлық есеп-қисабын еш кедергісіз жауып бермек болған. Ол үшін бар болғаны 5 келі етті үйіне жеткізіп беруін сұраған. Шенді тағы бір адамға мектеп игілігіндегі автобусты алып бермекке ұмтылған. Бұл қызметіне әуелде 15 тонна көмір сұрап, кейін ойынан айнығаны ол 120 мың теңге жететінін айтқан. Сол ақшаны жұмыс орнында алып жатқан сәтте жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері қолға түсірген еді.

2019 жылы «Астана су арнасы» мекемесінің бұрынғы басшысы пара орнына 3 бөлмелі пәтер алған. Сот шешімімен Уәлихан Досаев 7 жылға түрмеге қамалған болатын. Осылай бір келісімге қол қою үшін ақы аламын деп бас бостандығынан айырылған еді.

ПАНДЕМИЯ ПАРА ТҮРІНЕ ӘСЕР ЕТТІ МЕ?

Пандемияның пара көлеміне де әсер еткенін сараптамалық орталықтар жиі айтып жүр. 2019 жылы жемқорлар өз қызметі үшін 500 теңгеден жарты миллионға дейін ақша сұраса, биылғы сома одан екі есе аз көрінеді.

– Жыл басында пара беруге қатысты сауалнама жарияладық. «Жемқорлыққа не себеп болды» дегенге респонденттер 30-дан аса себеп көрсетеді. Олардың жартысынан көбі: «Осылай ыңғайлы, мәселені тезірек шешуге болады» деп жауап берген. 8 пайыздан аса қатысушы «Басқа амал жоқ еді» деген. Осылай респонденттер мәселені тезірек шешу үшін «пара беруге дайын» екенін көрсетті, – дейді Transparency Kazakhstan қоғамдық қорының атқарушы директоры Ольга Шиян.

Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялап, халықаралық құқық нормаларын негізге алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталған тиімді құқықтық шараларды әзірлеуге және қолдануға ниет білдіргені белгілі. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы 31 қазанда қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласындағы қызметті сипаттайтын халықаралық тәсілдер мен стандарттар анық көрсетілген. Онда параны құнына қарамастан заттай беру не алудың кәдімгі ақшалай алынатын парадан еш айырмасы жоғы айтылады. Сондықтан пара түрленгенімен, оның түпкі негізі бәрібір жазадан құтылуға септеспейді.

Жалпы, елімізде 2 мың теңгеден жоғары сомадағы сыйақы пара болып есептеледі. Бұл жолы біздің назарға іліккені, тек майда-шүйде фактілер. Яғни, бергі жағын шолып отырмыз. Ал «түйені түгімен жұтатындар» туралы тақырып бөлек болмақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәлімдемесіне сүйенсек, «коррупционерлер көбіне параны ақшалай алады. Қолма-қол алмағанымен, банк карталарына аударған жағдайлар жиі кездескен. Сыйақыны букмекерлік кеңселердегі логиндарына аударуға өтініш жасайтындар да көп. Оған қоса, гүл салатын қымбат ваза, ұялы телефон, нөмірге баланс аудару, мал-мүлік түрінде жемқорлыққа барған фактілер бар». Бір байқағанымыз, соңғы жылдары осы пара беру түрлерінің ішінде заттай ұсыну көбейіп барады. Оның қылмысты жасыру жолы тәрізді әрекет екенін аңғару қиын емес. Әйткенмен, пара тек ақшаға тірелмейді.

Автокөлік ұрлығы азайып келеді

Құқық қорғау органдарына көлігін қолды қылғандар жиі жүгінеді екен. Жасыратыны жоқ, автөкөлік ұрлығы қоғамда үлкен резонанс тудыратын қылмыстардың біріне айналды. Есте болса, 2014 жылғы Сочи Олимпиадасының қола жүлдегері, 2013 жылғы Әлем чемпионатының күміс, 2015 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері Денис Теннің қайғылы қазасын жұрт әлі күнге ұмытқан жоқ. Одан бері біраз жыл өтсе де, көлік ұрлайтындарға құрық салу қиын болып тұр.

Жадыра МҮСІЛІМ

Елдар ҚАБА (коллаж)

Әйтсе де, құқық қорғау қызметкерлеріне көлік ұрлығының алдын алу және ашу бойынша ерекше міндеттер жүктелген. Қазір ұрланған көліктерді анықтау бойынша тұрақты негізде жедел-іздестіру және алдын алу іс-шаралары тұрақты түрде жүргізіледі. ІІМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары Қанат Нұрмағамбетов жақында ғана өткен «Автомобиль» іс-шарасына 5 мыңға жуық полиция қызметкері жұмылдырылғанын айтты. Соның арқасында 118 автокөлік ұрлығы ашылған. Сондай-ақ 433 пост, оның ішінде көршілес елдермен шекаралас аудандарда 62 пост қойылды. Үш мыңнан астам көлік жөндеу орталығы, жекеменшік автошеберханалар, көлік тұрағы кооперативтері мен автотұрақтар тексеріліп, нәтижесінде 61 ұрланған автокөлік анықталған.

Ал жалпы жыл басынан бері көлік ұрлаумен айналысқан бірнеше қылмыстық топ әшкереленіпті. «Қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде биыл көлік ұрлығының 13,3, ал көлікті айдап кету қылмысының 17,8 пайызға төмендегені байқалады. Жыл басынан бері автокөлік ұрланғаны үшін 749 адам, оның ішінде 17 қылмыстық топ ұсталды», – деді Қанат Нұрмағамбетов.

Сондай-ақ ол көлік иелеріне қарапайым қауіпсіздік нормаларын сақтауға кеңес берді. Айтуынша, көлік есігін ашық қалдырмау, түнде көлікті гаражға немесе күзетілетін автотұраққа қою, ұрлыққа қарсы дабыл жүйесін орнату, көлік ішінде бағалы заттар мен құжаттар қалдырмау, жеке тұлғадан автомобиль сатып алған кезде құқық белгілеуші құжаттарын беруді талап ету қажет.

Бұдан бөлек, қабылданып жатқан шараларды жетілдіру мақсатында министрлік тұрақты негізде бірқатар ұйымдастырушылық және заңнамалық бастаманы іске асырып жатыр. ІІМ-нің бастамасы бойынша, Қылмыстық кодекске қылмыстың ауыр түрлеріне «бірнеше рет» және «заңсыз кіру» саралау белгілерін жатқызу бөлігінде түзетулер енгізілді. Бұл татуласуға байланысты күдікті адамдардың жауапкершіліктен кету мүмкіндігін болдырмауға және жаза мерзімін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ішкі сауда ережелеріне де біраз өзгеріс енгізілуі мүмкін. Бұл бойынша мамандандырылған дүкендерде сатып алу-сату шартын міндетті түрде жасап, қосалқы бөлшектер суретке түсірілу керек болады. Талапқа бағынбаған жағдайда сатушыға айыппұл салынады.

Көлік ұрлығын азайтуда бейнебақылау камераларының да көмегі көп тиеді екен. Қазір тұрғын үйлердің аулаларында 44 мың бейнебақылау камерасы бар, 22 мыңын тұрғындар өздері қойғызған. Айтпақшы, Mercedes, Toyota, Мазда, BMV, Volkswagen және Lexus көліктері жиі қолды болатын көрінеді. Ал көлік ұрлаушылар Алматы қаласы, Алматы және Қостанай облыстарында көп.

Бір ғана елорданың өзінде былтыр 81 көлік ұрлау фактісінің 72-сі ашылған. Ал биыл ұрланған 77 көліктің 68-ін ашқан полицейлер сатып алушыларға бірнеше кеңес береді. «Ұрланған көліктердің көбінде дабыл түймесі жоқ. Екіншіден, ресейлік көліктер көп қолды болады. Өйткені оларды сатқан кезде ешқандай құжат керек емес. Сақтандыру арқылы сата береді. Сондықтан көрші елден көлік сатып алатын кезде міндетті түрде тексеріп алуға кеңес береміз. Сатып алған автокөлік Ресей Федерациясында іздеуде тұрған болуы мүмкін. Сол үшін нақты иесімен кездесіп, өз қолынан алмай тұрып, әркімге сене беруге болмайды, – дейді Нұр-Сұлтан қаласы ПД Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі Нұрлан Қаратаев.

«Автомобиль» іс-шарасы кезінде қаладағы автобөлшектер сату орындарын тексерген құқық қорғау қызметкерлері 5 көлік ұрлығын ашыпты. Оның екеуі бірнеше жыл бұрын қолды болған көліктер. Дегенмен жасалған көлік ұрлығының көбі қасақана емес, заңсыз айдап әкету бойынша тіркеледі екен. «Ашық тұрған көлікті мастықпен айдап әкету, сосын көлік жөндейтін орындарға сеніп тапсырған автокөліктерді иесінің рұқсатынсыз тізгіндеп кету жағдайы жиі тіркеледі. Сондай-ақ автокөліктің бөлшектерін ұрлау фактісі көбейгені рас. Бұл жерде көлікті жалға алушылар бөлшектерді сатып, ауыстырып жібереді. Сондықтан жалға берушілерге айтарымыз, көліктеріне GPS орнату керек. Сол арқылы көлікті жалға алушылардың әрекетін біліп отыру оңай. Бізде былтыр дабыл түймесі бола тұрып көліктерін ұрлатқан екі факті тіркелген. Бірақ бұл қылмыстың артында көлік иелерінің өздері тұрғаны белгілі болды. Себебі олар кредитті төлемеу үшін осындай әрекетке барған. Бірнеше жылдан бері ашылмай келе жатқан көлік ұрлау қылмыстары да бар. Қылмыс ашылмай, ондай істер жабылмайды», – деп атап өтті Нұрлан Қаратаев.

NUR MEDIA AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3983
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Анар ҚОНЫС